

Теруге:
Редактор

Д. Ақышев

«Экономикалық шолу» шығарылымының мазмұны №4 2013

№	Мақаланың атауы	Автор	Бөлімше	Көлемі, бет
Проблемалар мен пайымдаулар				
1.	Өзгермелі макроэкономикалық жағдайды ескере отырып активтерді инвестициялау	Молдабекова Ә.М. Мухаметов И. Н.	Монетарлық операциялар департаменті	
2.	Ұлттық қор және оның Қазақстан Республикасы экономикасының дамуындағы рөлі	Салходжаев А. И.	Зерттеулер және стратегия департаменті	
3.	Капитал ағындарын ауқымды басқару	Қабетенова В.Ғ. Сманов Е.Қ.	Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті	
Қаржы секторының жай-күйі және даму перспективалары				
4.	Қолма-қол ақшамен жасалмайтын төлемдердің болашағы бар	Шестопалов А.С.	Төлем жүйелері департаменті	
5.	Электрондық ақша нарығының жұмысына шолу	Нұрбаев А.А.	Төлем жүйелері департаменті	
6.	Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік белсенділігін басты құрамдас бөліктер әдісінің көмегімен талдау	Байгожина И.	Қаржылық тұрақтылық департаменті	
Заңнамаға түсініктеме. Методология				
7.	Қазақстан Республикасындағы ақша төлемі мен аударымы туралы	Ибраев М.Ч.	Алматы облыстық филиалы	
Экономика және Қаржы нарығы: аймақтық аспектілер				
8.	Алматы қ. электронды банк қызметтерін дамыту	Зарипова А.А.	Алматы қалалық филиалы	
9.	Аймақтағы валюта рыногінің дамуындағы, айырбастау операцияларын ұйымдастыратын уәкілетті ұйымдардың рөлі	Ткачева Т.М.	Ақтөбе филиалы	
10.	Нақты сектор: азық-түлік өндіру саласындағы жобалар бойынша шолу	Аханов Е.О.	Батыс Қазақстан филиалы	
13.	Алматы облысындағы қолма-қолсыз төлем жүйесінің дамуы	Тулесова А.Б.	Алматы облыстық филиалы	
14.	Аймақтағы қолма-қол ақша айналысы	Сәдуақасова Г.Е.	Алматы облыстық филиалы	
15.	Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы	Аккенжина А.М.	Ақтөбе филиалы	
16.	Төлем карточкаларын қолдану арқылы қолма-қол жасалмайтын төлемдер	Тукенов Д.М.	Павлодар филиалы	

Өзгермелі макроэкономикалық жағдайды ескере отырып

активтерді инвестициялау

Молдабекова Ә.М., Монетарлық операциялар департаменті, Директордың орынбасары,

Мухаметов И.Н., Монетарлық операциялар департаменті, Бас маман-талдаушы

Осы мақала активтерді инвестициялау мәселесіне, атап айтқанда өзгермелі әлемдік экономикалық жағдайды ескере отырып оларды қаржы құралдарының түрлі кластары арасында бөлу мәселесіне арналған. Қандай да болмасын құралдар түрлерінің кірістілік және құбылмалылық сияқты классикалық сипаттамалары динамикалық сипатқа ие және олар экономикалық циклдың сатыларына және инвесторлардың күтулеріне байланысты өзгеріп отырады. Барлық осы факторлар активтердің стратегиялық және тактикалық аллокациясын анықтағанда және инвестициялық стратегияны қалыптастырғанда көрсетілуі тиіс.

Активтерді қаржы құралдарының түрлі кластары арасында аллокациялау немесе бөлу мәселесі кез келген инвестор үшін негізгі мәселе болып табылады. Орталық банктердің резервтерін және тәуелсіз қорлардың активтерін инвестициялаған кезде және олардың өсетін көлемдеріне және басқарушылардың ағымдағы төмен пайыздық мөлшерлемелер режимінде кірістілікті арттыру ниетіне байланысты бұл мәселе ерекше өзектілікке ие болады.

Активтерді стратегиялық бөлуді анықтаған кезде Марковиц теориясы негізінде оңтайландыру үлгілері, Risk Parity тәсілі (тәуекел-тепе-теңдік), All Weather Portfolio¹ тәсілі («ауа-райын талғамайтын» портфельді құру) және олардың комбинациялары сияқты түрлі көптеген тәсілдер бар, алайда кез келген тәсіл үшін негізгі қағидат әртараптандыру қағидаты болып табылады.

Инвесторлар талдау жүргізетін негізгі сипаттамалар қарастырылып жатқан қаржы құралдарының кластары арасындағы кірістілік, құбылмалылық және олардың корреляциясы болып табылады. Бұл сипаттамалардың динамикалық сипатына және олардың экономикалық жағдайға және инвесторлардың күтулеріне қарай өзгеруіне байланысты, олардың тарихи сипаты талдау жасау үшін және оның өзгерісіне болжам жасау үшін әрқашан жақсы негіз болып табылмайды.

Мынадай активтердің негізгі кластарын қарастырайық:

- 1) 1 жылға дейін өтеу мерзімі бар қысқа мерзімді өтімді қазынашылық вексельдермен көрсетілген ақша нарығының құралдары (Money Market - MM);
- 2) 1-5 жыл аралығындағы өтеу мерзімі бар дамыған елдердің мемлекеттік бағалы қағаздары (Governments – GOV 1-5);
- 3) Дамушы елдердің мемлекеттік бағалы қағаздары (Emerging Market Debt - EMD);
- 4) Инвестициялық деңгейдегі корпоративтік бағалы қағаздар (Corporates - CORP);
- 5) Дамыған елдердің акциялары (Equities - EQ);
- 6) Хедж-қорлар, жеке меншік капитал, жылжымайтын мүлік, инфрақұрылым сияқты балама инвестициялар (Alternatives - AI);
- 7) Алтын (GOLD).

¹ «All Weather Portfolio» тәсілі өз кезегінде «Risk Parity» тәсілі эволюциясының өнімі болып табылады.

- Талдау жасау мақсатында активтердің кластары мынадай индекстермен ұсынылды:
- 1) Money Market - G0QA Merrill Lynch 0-1 Year US Treasury индексі;
 - 2) Governments - WVG7 ML 1-5 Year Global Govt Bonds G7 композиттік индексі;
 - 3) Emerging Market Debt –JPMorgan EMBI Global Diversified Composite индексі;
 - 4) Corporates - Merrill Lynch 1-10 Year Global Corporate Index (investment grade) индексі;
 - 5) Equity –MSCI World Index индексі;
 - 6) Alternatives - LPX50 Listed PE композиттік индексі (жеке меншік инвестициялар), HFRI Fund of Funds Composite Index (хедж-қорлар), S&P Global Infrastructure Index (инфрақұрылымдық инвестициялар) және MSCI World Real Estate Index (жылжымайтын мүлікке инвестициялар);
 - 7) Gold – алтынның спот-бағасы (XAU).

Жоғарыда айтылған активтер кластарының 2000 жылдан бастап алынған тарихи деректер негізінде жасалған корреляциялық матрицасы төмендегідей:

Correlation	MM	GOV 1-5	EMD	CORP	EQ	AI	GOLD
MM	1	0,12	-0,25	-0,15	-0,36	-0,3	1
GOV 1-5	0,12	1	0,37	0,79	0,23	0,28	0,12
EMD	-0,25	0,37	1	0,79	0,64	0,69	-0,25
CORP	-0,15	0,79	0,79	1	0,55	0,6	-0,15
EQ	-0,36	0,23	0,64	0,55	1	0,97	-0,36
AI	-0,3	0,28	0,69	0,6	0,97	1	-0,3
GOLD	1	0,12	-0,25	-0,15	-0,36	-0,3	1

Ұсынылған корреляциялық матрицасына сәйкес, мысалы, дамушы нарықтардың МБҚ корпоративтік облигациялармен, акциялармен, сондай-ақ баламалы құралдармен жоғары тарихи корреляциясы бар.

Сонымен бірге АҚШ ФРЖ сандық жеңілдету бағдарламасының көлемдерін төмендету мүмкіндігі туралы өтініш жасағаннан кейін, инвесторлардың өтімділікті азайтуға қатысты күтулеріне байланысты дамушы нарықтар 2013 жыл бойы капитал ағындарын сезіне бастады. Нәтижесінде, дамушы нарықтардың МБҚ бағалары түсті, бірақ ал, мысалы, акциялар нарығы тұрақты өсу үрдісін сақтады.

Активтердің күтілетін кірістілігі де осыған ұқсас жағдайда, ол өзінің тарихи мәндерінен, тіпті экономикалық циклдың ұқсас кезеңдерінде де айтарлықтай ауытқуы мүмкін.


Пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісін есепке алатын экономикалық цикл режимдерінің жіктеуін өткізейік. Бұл ретте экономикалық циклдің режимдері ФРЖ қорландырудың тиімді мөлшерлемесі (FEDL01 индексі) және АҚШ Chicago Fed National

Activity Index экономикалық белсенділік және экономиканың инфляциялық қысымы композиттік көрсеткіші арқылы (CFNAI индексі)² анықтаймыз.

Мынадай режимдер анықталды (2000 – 2013ж.ж. аралығындағы кезеңде):

- 1) Циклдік құлдырау (мөлшерлемелер түседі): мамыр 2000 - маусым 2001 және желтоқсан 2006 - мамыр 2008 кезеңдері;
- 2) Дағдарыс (мөлшерлемелер ең төмен мәндерге дейін түседі): маусым 2008 – маусым 2009 кезеңі;
- 3) Мөлшерлемелердің қайта қалпына келуі (төмендеудің бәсеңдеуі): шілде 2001 – қаңтар 2003 және шілде 2009 – маусым 2010 кезеңдері;
- 4) Экономикалық өсу (мөлшерлемелердің өсуі): маусым 2004 – маусым 2006 кезеңі.

1-сурет. 2000-2013жж. экономикалық циклдың режимдері



Дереккөз: Bloomberg

2010 жылғы шілде айынан бастап қазіргі уақытқа дейінгі кезеңді қамтитын қосымша бесінші, экономикалық циклдың айрықша режимі – төмен мөлшерлемелер режимі бөлінді. Осы режимді жіктеу оның алдында орын алған дағдарыс пен орталық банктердің әрекеттерінің нәтижесінде әлемдік экономикаға бірталай өтімділік көлемінің енгізілуіне байланысты болды, ал бұл активтердің түрлі кластарының өзгеру динамикасына әсер етеді. Сонымен қатар, 2013 жылы басталған және 2014-2015 жылдары жалғасуы күтілетін мөлшерлемелер, нарыққа қатысушылардың көпшілігінің ойынша біртіндеп өсетін болады, яғни абсолюттік түрде мөлшерлемелер төмен деңгейде қалады (2-суретті қараңыз).

2-сурет. 2000-2013 жж. кезең ішіндегі 2-жылдық АҚШ МБҚ кірістілігі

² Индекс АҚШ экономикалық белсенділігінің 85 айлық көрсеткіші негізінде құрылады. Индекстің орта шамасы 0-ге және стандарттық ауытқуы 1-ге тең. Индекстің оң шамалары экономиканың ұлғайған инфляциялық қысым бар әлеуетті өсімнен жоғары өсуін куәландырады және керісінше, теріс мәндері төмен өсім және әлсіреген инфляциялық қысымды көрсетеді.



Дереккөз: Bloomberg

1-кесте. Экономикалық цикл режиміне байланысты құралдардың түрлі кластарының тарихи кірістіліктері

Кезең	Bonds 1-5	Bonds 0-3	AI	Equity	Cash	EMD	Gold	Convertibles	Corporates
Қалпына келу	8,59%	7,81%	-0,26%	-8,44%	1,92%	13,84%	27,40%	4,92%	10,90%
Кезеңдік бәсеңдеу	5,73%	6,06%	4,44%	-5,91%	5,64%	9,90%	13,10%	-0,39%	5,57%
Дағдарыс	5,42%	4,48%	-34,75%	-31,40%	1,97%	2,26%	8,23%	-17,98%	-1,06%
Экономикалық өсу	1,94%	2,05%	19,55%	12,39%	2,71%	11,99%	24,97%	7,39%	3,96%
Төмен молшерлемелер тәртібі	0,88%	0,39%	12,59%	12,54%	0,25%	7,63%	1,88%	7,40%	5,85%

Кірістілігі белгіленген құралдардың, атап айтқанда мемлекеттік бағалы қағаздардың нарықтық құнының төмендеуіне әкеп соқтыратын ағымдағы мөлшерлемелердің төмен деңгейін және олардың алдағы артуын ескере отырып, портфельдерінің негізгі бөлігін дамыған нарықтардың МБҚ құрайтын консервативтік инвесторлар алдында активтерді әртараптандыру мәселесі айрықша тұр. 1-кестеде көрсетілгендей, төмен мөлшерлемелердің ағымдағы режимінде және экономикалық өсудің күтілетін режимінде консервативтік портфельдің кірістілігі 1-2%-дан аспайды.

Төмен пайыздық мөлшерлемелердің енгізілген айрықша режимін ескере отырып көп дәрежеде ақша нарығының құралдары мен дамыған елдердің МБҚ-нан тұратын консервативтік портфельдің әртараптандыруын жүргізейік. Бұл ретте әртараптандырудың екі кезеңін өткізуді ұсынамыз: бірінші кезең орташа инвестициялау мерзімі 5 жылға жуық болатын уақыт аралығында, ал екінші кезең инвестициялау мерзімі 7-10 жыл ұзақ уақыт аралығында.

1 кезең: әртараптандырудың бірінші кезеңінің негізгі идеясы дамыған нарықтардың МБҚ-ның үлесін мынадай құралдар кластарының пайдасына төмендету болып табылады:

- дамушы нарықтардың МБҚ-ы,
- корпоративтік облигациялар,
- акциялар.

Дамушы елдер, оларға тән тәуекелдерге қарамастан, көптеген себептерге байланысты инвесторлар үшін тартымды құрал болып қалуда, соның ішінде бюджет тапшылығы мен борыш/Жалпы ішкі өнім қатынасы жағынан көптеген дамушы елдер дамыған елдермен салыстырғанда озық көрінеді. Корпоративтік облигациялар мен акцияларда да бірқатар артықшылық бар, дағдарыс кезеңінде өтімділікті үлкен көлемде енгізуге байланысты корпоративтік сектордың жай-күйі тұтастай алғанда қанағаттанарлық жағдайда болып отыр.

Тұтастай алғанда, барлық аталған үш құрал класы дамыған елдердің МБҚ-на қарағанда жоғары орташа кірістілікті көрсетеді, бірақ, әрине, көбірек тәуекел деңгейімен байланысты болады.

Активтер аллокациясының 3 ықтимал нұсқасы қаралды:

2-кесте. Есептелген кірістілік³ пен тәуекел коэффициенттеріне сәйкес аллокацияның ықтимал нұсқалары

	1 – нұсқа	2 – нұсқа	3 – нұсқа
Дамыған елдердің МБҚ-ы	60%	40%	50%
Акциялар	20%	30%	25%
Дамушы елдердің МБҚ-ы	10%	15%	12,5%
Корпоративтік облигациялар	10%	15%	12,5%
Орташа жылдық кірістілік	4,9%	5,2%	5,05%
Құбылмалылық	6%	7,3%	6,6%
Шарп коэффициенті	0,8	0,7	0,75

2-кестеде көрсетілгендей, тәуекел-кірістілік тұрғысынан алғанда ұсынылған аллокация нұсқаларының ішіндегі ең қалыптысы барынша тиімді болып табылады, ондағы дамыған нарықтардың МБҚ үлесі 60% құрайды, ал акциялардың үлесі -20%. Сонымен бірге, бұл нұсқаның тарихи орташа жылдық кірістілігі 4.9% құрайтынын, ал ағымдағы төмен мөлшерлемелерді және олардың ықтимал өсу мүмкіндігі ескерілген болжанған кірістілік **3.92%** құрайтынын атап өткен жөн.


2-кезең: неғұрлым ұзақ мерзімді перспективаға одан әрі әртараптандыру жүргізу үшін қарастыруға балама инвестициялар және алтын сияқты барынша құбылмалы құралдар енгізілді. Балама инвестициялардың ақша нарығымен, дамыған елдердің МБҚ-мен және алтынмен корреляциялары төмен, сондықтан олар әртараптандыру құралдарының бірі болып табылады. Алтын стратегиялық инвестицияларға ғана жатқызылмайды, ол әлемдік қаржы нарықтарында валюта активтерінің тартымдылығы жоғалған жағдайда қорғаныш актив болып табылады.

Активтерді неғұрлым тартымды инвестициялар кластарына бөлудің үлгісін жасауды авторлар Марковицтің портфельдік теориясының дәстүрлі тәсілінің негізінде жүзеге асырды, ол қарастырылатын активтердің күтілетін орташа мәндерін және кірістіліктің вариациясын талдауға негізделген. Бұл әдістеменің басты идеясы тәуекелге түзетілген, ең жоғары кірістілікке қарай активтерді оңтайлы табу болып табылады.

Талдау Холески декомпозициясы әдісімен өзара байланыстырылған, қарастырылып отырған активтер класының кездейсоқ кірістілік шамаларының негізінде жүргізілді. Сонымен бірге ағымдағы режим және нарық бойынша орташа болжамдар мен кірістілік индекстерінің тарихи құбылмалылығын есепке алғанда күтілетін болжамды кірістілік мәндері пайдаланылды. Портфельдегі активтердің оңтайлы шамасын анықтау ең жоғары кірістілік/тәуекел арақатынас белгісіне негізделе отырып жүзеге асырылды. Осылайша, талдау ең оңтайлы бөлудің мынадай құрылым екенін көрсетті.

3-сурет. Активтердің оңтайлы құрылымы

³ Салыстырмалы талдау үшін 2000-2013 ж.ж. кезеңдегі деректер негізінде тарихи кірістілік есептелді, ол кестеде көрсетілген



Дереккөз: авторлардың есебі

Бұл әртараптандыру нұсқасының тарихи орташа жылдық кірістілігі 5.8% құрайды, ал ағымдағы төмен мөлшерлемелерді және олардың ықтимал артуын ескере отырып болжанатын кірістілік 4% жуық құрайды.

Осылайша, үлгілерді құрған кезде және қандай да болмасын активтердің кластарының кірістілігін және тұтастай алғанда портфельдің болжамды кірістілігін есептеген кезде тарихи деректерді күтілетін, болжамды мәндермен қатар пайдалану қажет. Осындай «түзету» экономикалық циклдің айқындалған режимінің және оның өткен ұқсас режимдердің шарттарынан айырмашылығын есепке алуға мүмкіндік береді. Белгілі бір жағдайларда айрықша режимді теңдестіру қажеттілігі туындайды, бұл жоғарыда төмен пайыздық мөлшерлемелердің ағымдағы кезеңінің үлгісінде көрсетілді.

Әдебиет тізімі:

1. David Blitz, Pim Van Vliet (2009) “Dynamic strategic asset allocation: risk and return across economic regimes”.
2. Nugee John (2013) “Reflections on Global Finance”, State Street Global Advisors.
3. Riccardo Rebonato and Peter Jaëckel (1999). “The most general methodology for creating a valid correlation matrix for risk management and option pricing purposes” Quantitative Research Centre, NatWest Group.
4. Markowitz, Harry M. (1999). “The early history of portfolio theory: 1600–1960”, Financial Analysts Journal, Vol. 55, No. 4.

Ұлттық қор және оның Қазақстан Республикасы экономикасының дамуындағы рөлі

Салходжаев А.И. — «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РМК Зерттеулер және стратегия департаменті экономикалық зерттеулер басқармасының жетекші маман-талдаушысы

2014 жылы еліміздің тәуелсіз қоры – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының құрылғанына 13 жыл толады. Осы 13 жыл ішінде Ұлттық қор еліміздегі өрлеулер мен құлдырауларды қатар бастан кешіре отырып, экономикамыздың ажырамас бөлігі болды. Осылайша, экономикамыздың жай-күйіне қарай түрлі кезеңдерде Ұлттық қор түрлі функциялар атқарды.

Еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету, болашақтағы ұрпақ үшін қаржылай қаражат жинақтау, экономиканың қолайсыз сыртқы факторлардың әсеріне тәуелділігін төмендету мақсатында 2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры құрылды.

Ұлттық қор құрылған кезден бері еліміздің экономикасының дамуын шартты түрде 3 кезеңге бөлуге болады.

1. Еліміздің экономикасының қарқынды даму кезеңі (2000 – 2007 жылдар);
2. Қаржы дағдарысы кезеңі (2008-2009 жылдар);
3. Дағдарыстан кейінгі кезең (2010 жылдан бері)

Жоғарыда көрсетілген әрбір кезеңде Ұлттық қор экономикада маңызды рөл атқарды.

Еліміздің экономикасының қарқынды даму кезеңі (2000 – 2007 жылдар).

2000 жылы Қазақстан экономикасы тәуелсіздікті алғаннан кейін алғаш рет сенімді өсе бастады. 1990 жылдардың басындағы мәжбүрлі терең дағдарысты, 1993-1994 жылдардағы гиперинфляцияны, 1998 жылғы Оңтүстік-Шығыс Азиядағы және Ресейдегі дағдарысты, 1999 жылғы девальвацияны бастан кешіре отырып, 2000 жылы елімізде макроэкономикалық ахуалдың және ұлттық валютаның тұрақтылығына, мемлекеттік бюджеттің орнықтылығына, жинақ ақшаның және инвестициялардың қалыпты өсуіне, сондай-ақ банк жүйесінің нығайуына қол жеткіздік. 2000 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ-нің нақты өсуі 9,8%-ды құрады, бұл тәуелсіз еліміздің тарихындағы ең жоғарғы көрсеткіш болды. Мұндай өсуге әлемдік қаржы және тауар нарықтарындағы қолайлы конъюнктура және қазақстандық экспорттың бәсекеге қабілеттілігінің қалпына келуі ықпал етті. Осылайша, Қазақстанның табиғи байлығы ұлттық экономиканың дамуында маңызды рөл атқарды.

Бұл ретте экономиканың шикізат экспортына тәуелділігінде біршама теріс салдарлар болды. Қазақстан экономикасының тұтастай алғандағы жай-күйі көбіне табиғи ресурстар секторындағы жағдайға байланысты айқындалды. Осыған байланысты мемлекеттің алдында ұзақ мерзімді сипаттағы, шешілуіне ел экономикасының болашақтағы дамуы тәуелді болған мынадай мәселелер тұрды:


1) табиғи байлықтың қайта қалпына келмеуіне байланысты оны пайдалануды дұрыс жоспарлау мәселесі;

2) мемлекеттік кірістер мен шығыстар көлемінің табиғи ресурстарға деген әлемдік бағалардың күрт әрі күтпеген өзгерістеріне тәуелділігін төмендету мәселесі [1].

Бұл мәселелерді шешу үшін «Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 23 тамыздағы Жарлығымен Ұлттық қор құрылды.

Ұлттық қорды құру туралы шешім ел экономикасын одан әрі дамытудағы уақтылы және маңызды қадам болды, себебі, Қазақстан экономикасының жылдық өсу қарқыны орташа алғанда 9%-дан жоғары болды. Бұған негізгі экспорттау тауарларының, оның ішінде мұнайдың әлемдік бағасының өсуі ықпал етті (1-сурет).

1-сурет. Қазақстан ЖІӨ-нің нақты өсуі және мұнай (Брент) бағасының динамикасы



Дереккөзі: ҚР Ұлттық Банкі

Ұлттық қор құрылған кезден бастап 2009 жылғы ақпанға дейінгі кезең ішінде Ұлттық қор активтерінің көлемі 28,0 млрд. АҚШ долл. жетті, бұл еліміздің ЖІӨ-нің 20,6%-н құрады (2008 жылдың қорытындысы бойынша). Көрсетілген кезеңде ҚР Ұлттық қорын қалыптастырудың тетігі екі рет өзгерді.

Бірінші кезеңде (2002-2006) Ұлттық қордың жинақтарын қалыптастырудың орнықты әдіснамасы болмады. Шикізат секторындағы ұйымдардың жоспардан тыс салықтық және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдері, Ұлттық қорды басқарудан түскен инвестициялық кірістер, мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін сатудан түскен түсімдер, республикалық бюджеттен ресми трансферттер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмайтын өзге де түсімдер мен кірістер Ұлттық қорды қалыптастырудың қаржы көздері болды. Бұл ретте осы кезеңде түсімдердің көлемдері Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңымен бекітіліп отырды.

Екінші кезең (2006-2009) «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасы туралы» ҚР Президентінің 2005 жылғы 1 қыркүйектегі № 1641 Жарлығының қабылдануымен байланысты болды. Осы Тұжырымдамаға сәйкес теңдестірілген бюджет әдісі әзірленді. Ол әдіске сәйкес мұнай секторымен, мемлекеттік мүлікті жекешелендірумен, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін сатумен байланысты барлық түсімдер толықтай Ұлттық қорға жіберілді. Бұл ретте жыл сайын Қазақстан Республикасының кепілдік берілген трансферт туралы заңымен Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін кепілдік берілген трансферттің көлемі бекітіліп отырды. Ұлттық қордан берілетін кепілдік берілген трансферттің мөлшері осы Тұжырымдамада көзделген теңдестірілген бюджет әдістемесіне сәйкес формуламен айқындалды. Сонымен қатар 2008-2009 жылдары Қазақстан Республикасы Президентінің мақсатты трансферт туралы Жарлықтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке мақсатты трансферттер аударылды.

Ұлттық қорды жинақтау тетігін жетілдіру мұнай түсімдерін республикалық бюджет пен Ұлттық қордың арасында бөлудің оңтайлы теңгерімін табуға, сондай-ақ экономикадан

мұнайдан түскен долларлардың артығын шығару және теңге бағамына және инфляцияға қысымды ұстап тұру жолымен макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталды.

Осылайша, көрсетілген кезеңде Ұлттық қор шетел валютасы ағынының тұрақсыздандыратын фискалдық және макроэкономикалық әсерлерін, оның ішінде монетарлық өлшемдерге артық қысымнан құтылу, сондай-ақ болашақ ұрпақ үшін қаржы жинақтарын жүзеге асыру үшін жұмсартудың құралы болды.

Қаржы дағдарысы кезеңі (2008-2009 жылдар).


2007 жылы басталған АҚШ-тағы ипотекалық дағдарыс 2008 жылы әлемдік банктердің өтімділік дағдарысына әкеп соқты. Дамыған елдердің соңынан дағдарыс дамушы елдерге де, оның ішінде Қазақстанға да тарады. Еліміздің экономикасы тәуелді әлемдік тауар нарықтарындағы ахуал да нашарлады. 2008 жылдың соңында және 2009 жылдың басында Қазақстанның стратегиялық тауарларының әлемдік бағасы соңғы 3 жылда ең төмен болды (2-сурет). 2008 жылғы желтоқсанда Brent сұрыпты мұнайдың орташа бағасы 2008 жылғы шілдемен салыстырғанда 3 еседен көп төмендеп, бір баррель үшін 41,58 АҚШ долл. құрады.

Бұдан басқа әлемдік дағдарыстың ықпалынан сыртқы қарыздар есебінен келіп түсетін қазақстандық банк жүйесін қаржыландыру ағындары қысқарды. Осылайша, қаржы жүйесі, әсіресе банк жүйесі, өтімділік тапшылығының қатаң жағдайында қалды, бұл нәтижесінде халықты және экономиканың нақты секторын кредиттеу динамикасына теріс әсер етті.

Ғаламдық қаржы дағдарысының Қазақстан экономикасына теріс әсерінің нәтижесінде ЖІӨ өсу қарқыны төмендеді. Мәселен, 2008 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ-нің нақты өсуі бар болғаны 3,3%-ды, 2009 жылғы 1-тоқсанда 1,5%-ды құрады, 2 және 3-тоқсандарда ЖІӨ тиісінше 0,3% және 0,7%-ға қысқарды.

Ғаламдық дағдарыстың елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалға тигізген салдарларын нивелирлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Мемлекет басшысының тапсырмасымен дағдарысқа қарсы шаралар кешінін әзірледі. Сонымен қатар 2008 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Ұлттық Банктің және Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналаған бірлескен іс-қимылдар жоспары қабылданды.

2-сурет. Металдың әлемдік бағасы, бір метрикалық тонна үшін АҚШ долларымен



Дереккөзі: <http://www.indexmundi.com/commodities/>

Осы Жоспардың шеңберінде Ұлттық қордың 10 млрд. АҚШ долл. (1 200 млрд. теңге) көлеміндегі қаражаты мынадай іс-шараларға бағытталды:

- 1) қаржы секторын тұрақтандыруға – 4 млрд. АҚШ долл. (480 млрд. теңге);
- 2) тұрғын үй секторын дамытуға – 3 млрд. АҚШ долл. (360 млрд. теңге);
- 3) шағын және орта бизнеске қолдау көрсетуге – 1 млрд. АҚШ долл. (120 млрд. теңге);
- 4) агроөнеркәсіп кешінін дамытуға – 1 млрд. АҚШ долл. (120 млрд. теңге);
- 5) инновациялық, индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға – 1 млрд. АҚШ долл. (120 млрд. теңге).

Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі жоспар шеңберінде қабылданған шаралар нәтижесінде 2009 жылдың қорытындылары бойынша экономикалық өсудің оң қарқынын сақтап қала алдық. ЖІӨ-нің нақты өсуі 2009 жылы 1,2%-ды құраса, әлемнің көптеген елдерінде, оның ішінде ТМД-да бұл көрсеткіш теріс болды.

Осылайша, Ұлттық қор тұрақтандыру функциясын орындай отырып, Қазақстанның қаржы және банк жүйесін сауықтыруда маңызды рөл атқарды.

Дағдарыс басталған сәтте Ұлттық қордың қаражаты оны «экономикалық қауіпсіздік жастығы» ретінде пайдалану үшін жеткілікті болғанын атап өту қажет. Бұл факт қайта қалпына келмейтін табиғи ресурстардан түскен қаражатты жинақтаудың таңдап алынған саясатының дұрыс екендігін дәлелдейді.

Дағдарыстан кейінгі кезең (2010 жылдан бастап)

2010 жылдан бастап Қазақстан экономикасы дағдарыстан кейінгі жандану фазасынан баяу, бірақ тұрақты өсу фазасына өте бастады. Еліміздің экономикасының өсуіне әлемдік экономиканың біртіндеп қалпына келуі, қазақстандық экспорттың негізгі тауарлары бағасының және оларға деген сұраныстың өсуінің қалпына келуі ықпал етті. Мұнайдың әлемдік бағасы өсуін жалғастырды, бұл Ұлттық қор активтерінің ұлғаюына әсер етті.

Бұл ретте қалпына келмейтін табиғи ресурстардан түскен қаражатты болашақ ұрпақ үшін барынша сақтау, республикалық бюджеттің және Ұлттық қордың теңгерімділігі және мұнайға жатпайтын тапшылықтың қысқару мәселелері өзекті болып қала берді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 962 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасы бекітілді.

Жаңа Тұжырымдамаға сәйкес болашақ ұрпаққа арналған жинақтарды қалыптастыру және республикалық бюджеттің әлемдік шикізат нарықтарындағы ахуалға тәуелділігін төмендету арқылы қаржы ресурстарын жинақтау Ұлттық қордың негізгі мақсаты болып табылады. Тиісінше, жинақтау және тұрақтандыру Ұлттық қордың функциялары болып табылады.

Абсолютті мәні 8 млрд. АҚШ доллары мөлшеріндегі кепілдендірілген трансфертті республикалық бюджетке тіркеу оның тағы бір жаңалығы болып табылады.

Одан әрі еліміздің экономикалық өсуінің қарқынына қарай кепілдендірілген трансфертті +(-) 15% мөлшерінде ұлғайту мүмкіндігі түрінде толықтыру енгізілді.

2010 жылдан бастап Ұлттық қордан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферт түрінде 5,2 трлн. теңге бөлінді. Кепілдендірілген трансферт көлемі 2010-2011 жылдары 1,20 трлн. теңгені, ал 2012–2013 жылдары 1,38 трлн. теңгені құрады. Сондай-ақ 2013 жылы Астана-Алматы, Астана-Павлодар автомобиль жолдарын салу үшін 25,5 млрд. теңге мөлшерінде мақсатты трансферт бөлінді.

Дағдарыс кезеңінде бөлінген 10 млрд. АҚШ долл. мөлшеріндегі қаражаттың болашақта бюджеттік іс-шараларды, оның ішінде экономиканы жаңғыртуға арналған инвестициялық жобаларды қаржыландыруға бағытталғанын атап өткен жөн.

Осылайша, дағдарыстан кейінгі кезеңде республикалық бюджеттің тұрақтылығына қолдау көрсетуде және экономиканы әртараптандыруда Ұлттық қор маңызды рөл атқарды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры өзінің жұмыс істеген уақытында ел экономикасын дамытудың маңызды іргесі болды. Қазіргі уақытта Ұлттық қор қарқынды түрде дамып келе жатқан еліміздің тәуелсіздігінің және дербестігінің кепілі болып табылады. Өткен 10 жылдың нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын құрудың уақтылылығы мен орындылығы туралы және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын құру идеясының және оған қолдау көрсетудің өзін-өзі ақтағандығы туралы қорытынды шығаруға болады.

Әдебиет тізімі

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 23 тамыздағы №402 Жарлығы.

2. «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 1 қыркүйектегі №1641 Жарлығы [1].

3. «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 2 сәуірдегі №962 Жарлығы

Капитал ағындарын ауқымды басқару

Қабетенова В.Ф. – Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінің валюталық реттеу және бақылау басқармасы бастығының орынбасары

Сманов Е.Қ. – Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті валюталық реттеу және бақылау басқармасының жетекші маман-экономисі

Капитал қозғалысы түрлі елдердің экономикасына олардың даму деңгейіне қарамастан әсер ететін басты факторлардың бірі болып табылады. Бұл жағдайды макроэкономикалық реттеу саласындағы көптеген сарапшылар мойындап отыр және өткен жаһандық қаржы дағдарысы жағдайларында расталды. Бұл ретте капитал қозғалысын реттеу мәселесі бойынша зерттеушілердің ойлауындағы белгілі бір өзгерістерді атап өткен жөн.

Бұл мақала капиталдың трансшекаралық ағындарын реттеу тәсілдерінің өзгеруін, сондай-ақ осындай реттеу құралдарын пайдалануға қатысты пікірлердегі айырмашылықтарды сипаттайды.

Қазіргі уақытта әлемдік экономика 2007-2009 жылдардағы әлемдік қаржы дағдарысы салдарынан іс жүзінде қалпына келді және дамыған елдердің капиталы дамушы нарықтарға біртіндеп қайтып келуде. Соған қарамастан, әлемдік экономиканы қалпына келтіру мерзімдері мәселесі бойынша түрлі болжамдарды⁴ ескере отырып, экономикалық қоғамдастық соңғы қаржы дағдарысының сабақтарын және алдағы болашақта мұндай жағдайды болдырмау жолдарын белсенді түрде талқылауда. Көптеген талдаушылар жаһандық қаржы дағдарысына ықпал еткен себептер және мұндай жағдайды болдырмау тәсілдері мәселесі бойынша өз пікірлерін білдіруде. Бұл ретте капитал қозғалысын реттеу мәселесі бойынша зерттеушілер пікіріндегі белгілі бір өзгерістерді атап өткен жөн.

Соңғы уақытқа дейін экономикалық тұрғыдан даму деңгейі жеткілікті көптеген елдерде (оның ішінде ауыспалы экономикасы бар елдерде) капитал шотын реттеуге қатысты саясат жеткілікті ырықтандырылған болды. Капиталдың еркін қозғалысы салыстырмалы түрде алғанда жинақтарының деңгейі төмен елдерге түрлі инвестициялық жобаларға қаражат тартуға, инвестициялық тәуекелдерді әртараптандыруға, халықаралық сауданы және қаржы нарықтарының дамуын ынталандыруға мүмкіндік береді деп есептелді.

Халықаралық валюта қоры (бұдан әрі – ХВҚ) капиталдың еркін қозғалысынан пайда еркін саудадан түскен пайдамен бірдей деп мәлімдеді (қараңыз: Reaping the Benefits of Financial Globalization, IMF Occasional Paper 264, 2008). Бұл тұрғыдан алғанда капиталдың шоғырлануына шектеулер енгізу кемінде мұндай басымдықтардан әсердің ішінара азаюын білдірген болатын, ол түрлі дисбаланстарға және ресурстардың дұрыс бөлінбеуіне әкеп соқтыратын.

Тиісінше, халықаралық қаржы институттарының деңгейінде капитал қозғалысын бақылау шараларына рұқсат етпеу және капиталдың орын ауыстыруына толық еркіндік беру саясаты іске асырылды. Мысалы, ХВҚ Келісімі 6-бабының 3-бөлімі мүше мемлекеттердің бақылау шараларын қолдана алатынын көздейді, олар капиталдың халықаралық қозғалысын реттеу үшін қажетті болып табылады, алайда ұйымға мүше мемлекеттердің ешқайсысы Келісімнің 7-бабының 3 (b) бөлімінде және 14-бабының 2-бөлімінде айтылған жағдайларды қоспағанда, ағымдағы операциялар бойынша есеп айырысуларды шектеуге немесе міндеттемелер бойынша есеп айырысуларды аяқтау шеңберінде қаражат аударуды тым артық кешіктіретіндей мұндай бақылау шараларын қолдануға құқылы емес.

Капиталдың орын ауыстыруына еркіндік беру Дүниежүзілік сауда ұйымына (бұдан әрі – ДСҰ) кірудің міндетті шарттарының бірі болып табылады, ол бір уақытта Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (бұдан әрі – ЭЫДҰ) деңгейінде насихатталды.

⁴ <http://e-finance.com.ua/show/167788.html>

Сонымен қатар соңғы жылдардың практикасы көрсетіп отырғандай, капиталдың елдер арасындағы еркін қозғалысының айқын басымдықтарымен қатар мұндай үрдістің бірқатар теріс салдары болуы мүмкін, оның ішінде ол қандай да болмасын елдің ұлттық экономикасының шетелдік капиталға тәуелділігін, айырбастау бағамын қайта бағалауды, сондай-ақ «баға көпіршіктерінің» пайда болуын қамтиды. Сонымен бірге, ХВҚ зерттеулеріне сәйкес, жаһандық қаржы дағдарысы кезінде капитал қозғалысының шоты бойынша нормаларды қолданған елдер оның салдарынан ең аз зардап шеккен болатын⁵.

Осыдан, капиталдың шектеусіз қозғалысы – бұл айрықша пайдалы феномен және инвесторлардың іс-қимылы да нарықтағы көңіл-күйге байланысты екендігін назарға ала отырып, капитал ағындары инвестициялау және қарыз алу бөлігінде оңтайлы шешімдер қабылдау нәтижесі болып табылады деп пайымдау дұрыс па деген сұрақ туындайды. Капитал ағындары айтарлықтай болса да, көпіршіктерді және активтерге бағалардың күрт өзгеруін қоса алғанда ағындардың дағдарысты құбылыстардың пайда болуына әсеріне ешкім күмән келтірмейді.

Сондықтан мәселе мемлекеттің пруденциялық және макроэкономикалық саясаты үшін қыр көрсете алатын капитал ағындарын реттеуге қатысты қандай тәсілдің үздік болатынында.

Жиырмамыншы ғасырдың екінші жартысында капитал ағындарын реттеу тәсілдері экономикалық және саяси сипаттағы түрлі факторларға қарай өзгеріп отырғанын атап өткен жөн.

Атап айтқанда, 1960-шы жылдары капитал ағындарын бақылау тұтастай алғанда мемлекеттердің макроэкономикалық саясатының ажырамас бөлігі ретінде қабылданған болатын. Мұндай тәсілді қолданудың объективтік тұрғыдан экономикалық себептері болды. Мысалы, ол уақытта АҚШ елдегі төмен пайыздық мөлшерлемелер капиталдың шетелге әкетілуіне әкеп соқтыруы мүмкін деп алаңдаушылық білдірді. Сонымен қатар бірқатар еуропалық елдер едәуір инфляциялық қысымға ұшырап, жоғары пайыздық мөлшерлемелер шетелдік капиталдың артық әкелінуіне және инфляциялық үдерістерді нығайтуға әкеп соқтыруы мүмкін деп қауіптенді. Аталған жағдай АҚШ-тың капиталдың әкетілуін шектеу, ал бірқатар еуропалық елдердің капиталдың әкелінуін шектеу саясатын жүргізуіне әкеп соқтырды.

Экономикалық конъюнктураның өзгеруімен бірге, 1970-ші жылдары капитал ағындарына қатысты тәсіл ырықтандыру жағына қарай өзгере бастады. Атап айтқанда, әлемдік экономикаға өктемдік саясатын жүзеге асыру мақсатында АҚШ және Еуропалық одақ елдері ХВҚ-ның қолдау көрсетуімен бақылауды бәсеңдету саясатын жүргізе бастады.

1990-шы жылдардың басында дамыған елдердің көпшілігі капиталдың еркін қозғалысы саясатын жүргізді. Шектеулер барынша азайтылып немесе мүлдем күшін жойды. Мұндай саясат экономикалық даму үшін кедергілерді алып тастау және шетелдік нарықтарға еркін кіруге қол жеткізу мақсатында капитал ағындарының жолында шектеулерді жою қажеттілігі туралы ұстанымды көрсетті. ЭЫДҰ елдері капитал ағындарының экономикалық даму деңгейіне қарамастан оларды ырықтандыруды жүзеге асырды, себебі аталған жағдай көрсетілген ұйымда елдің мүшелігі үшін міндетті талап болып табылды.

Азия қаржы дағдарысы, сондай-ақ экономикалық үдерістердің жаһандануын ескере отырып, бөлек алынған елдің қаржылық проблемалары бүкіл елдерге айтарлықтай теріс ықпал еткен 1990-шы жылдардың бірқатар басқа қаржылық күйзелістері әлемдік қоғамдастықты капитал ағындарын бақылауға өз көзқарасын қайта қарауға мәжбүр етті. Атап айтқанда, ХВҚ капитал қозғалысын ырықтандыру үдерісі кезең-кезеңімен және ойластырылған болуы тиіс және белгілі бір шектеу шарттары кезінде экономикалық тұрғыдан негізделген және пайдалы болуы тиіс екендігін ресми түрде мойындады. Соған қарамастан, экономикалық дамудың белгілі бір деңгейіне қол жеткен кез келген елдің түпкілікті мақсаты капитал қозғалысын толық ырықтандыру болуы тиіс.

⁵ <http://finance.liga.net/stock/2011/11/1/articles/24618.htm>

«Үлкен жиырмалық» тобы ХВҚ ұстанымын қайта қарау қажеттілігі туралы мәселені көтерді. Атап айтқанда, капитал ағындарын реттеу саясатына қатысты бірыңғай әмбебап қағидаттарды тұжырымдаудың мүмкін еместігі атап көрсетілді, себебі мұндай шаралар әрбір мемлекеттің ерекшелігін ескеруі тиіс. Сол уақытта топты басқарған Н. Саркози «капитал қозғалысын реттеу құралдарын пайдалану өте маңызды және бүгінде тұрақтандыру шарасы ретінде бағаланады» деп атап өтті⁶.

Оған жауап ретінде ХВҚ елдердің айрықша қажеттілік жағдайында капитал ағындарына жекелеген валюталық шектеулер енгізу құқығын мойындады (ХВҚ Келісімінің 4-бабы; 6-бабының 3-бөлімі; 7-бабының 3-бөлімі). Қалыптасқан экономикалық жағдайда ХВҚ капиталдың орын ауыстыруына бақылау шараларын пайдалануға болады деп есептейтіні туралы мәлімделді. Қордың басшылары мұны ХВҚ және Дүниежүзілік банктің басшы органдарының жылдық жиналысы шеңберінде Халықаралық валюта-қаржы комитеті отырысының қорытындылары бойынша баспасөз конференциясында растады, бұл ретте олар мұндай шараларды «қажеттілігіне қарай» және бірінші кезекте емес қолдануға болады деп атап өтті⁷.

Сонымен бірге, Бостон университетінің халықаралық қатынастар профессоры К. Галлахердің пікіріне сәйкес, ХВҚ белгілеген шектер елдердің мұндай реттеуді пайдалануын шектейді, бұл экономикалық алғышарттар болған кезде қандай да болмасын елдің қажетті және уақтылы шараларды қабылдаудың мүмкін еместігі тәуекелін туындатады.

Сондай-ақ экономикалық даму саласындағы сарапшы Д. Остри капитал ағындарын бақылау шаралары соңғы сатыдағы шаралар ретінде ғана қарастырылмауы тиіс және олар ақша-кредиттік, фискалдық және пруденциялық реттеу саласында басқа шаралардың тиімді толықтыруы (мысалы, осындай шаралардың әсерінде уақытша үзілістерді жою мақсаттары үшін) болуы мүмкін деген пікір білдірді⁸.

Аталған жағдайларды қорытындылай келе, капитал ағындарын реттеу тәсілдері түрлі жағдайларға қарай өзгереді, ал 2009-2011 жылдар аралығындағы кезең осы саладағы мемлекеттердің түрлі бағыттағы саясатымен сипатталады. Танылған сарапшылар деңгейінде капитал қозғалысын шектеу шараларын қолдану мәселесі бойынша бірыңғай пікір жоқ. Елдердің экономикалық үдерістерінің жаһандану үдерістерін және экономикалық саясаттарының өзара әсерін назарға ала отырып, экономикаларды ықтимал дисбаланстардан қорғау үшін валюталық саясат саласындағы келісілген қағидаттар саласындағы өңірлік еларалық келісімдерді жасау үрдісі байқалып отыр. Елдердің біржақты тәртіппен енгізетін қандай да болмасын шаралары тиімсіз, себебі олар капиталдың барынша ықыласты жағдайы бар елдерге әкелілуіне немесе кетуіне әкеп соқтырады.

Осы жағдайларда валюталық реттеу саласындағы тұрақты жұмыс істейтін органды құру туралы 2013 жылғы Астана экономикалық форумының қорытындылары бойынша берілген ұсыным өзекті болып табылады. ХВҚ-ның қорға мүше елдердің валюталық саясаты саласында ұсынымдарды әзірлейтін органның функцияларын атқаратынын ескере отырып, форумда ұсынылған тұрақты жұмыс істейтін органның жұмысы көп дәрежеде капитал ағындарымен байланысты тұтастай алғанда әлемдік экономикаға тән тәуекелдерді бағалауға және түрлі мемлекеттердің мүдделерін ескере отырып капитал қозғалысын реттеу шаралары бөлігіндегі саясаттарды үйлестіруге бағытталуы тиіс екендігі айқын көрінеді.

Көрсетілген жағдай жаңа халықаралық қаржы институтын, мысалы, «Үлкен жиырмалық» базасында құру арқылы іске асырыла ма әлде жұмыс істеп тұрған халықаралық органды реформалау арқылы жүзеге аса ма, бұл – бөлек талқылауды талап

⁶ Н. Саркозидің 2011 жылы «Үлкен жиырмалық» елдерінің өкілдерімен кездесуді өткізу кезіндегі сөз сөйлеуі

⁷ <http://e-finance.com.ua/show/167788.html>

⁸ К. Галлахердің «The Global Governance of Capital Flows: New Opportunities, Enduring Challenges» мақаласы, 2012; Д. Остридің «Capital Inflows: The Role of Controls» мақаласы, 2010

ететін мәселе. Алайда бұл органның бүкіл мемлекеттердің – дамыған, сол сияқты дамушы мемлекеттердің мүдделерін ескеруі тиіс екендігі сөзсіз.

Қолма-қол ақшамен жасалмайтын төлемдердің болашағы бар

Шестопалов А.С. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері департаменті төлем жүйелерін қадағалау басқармасының жетекші маман-экономисі

Төлем жүйелері тауар-ақша субъектілерінің арасындағы есеп айырысуды және өзге қатынастарды қамтамасыз етеді. Қазіргі заманғы экономика көбіне тауарлар мен қызметтер үшін қашықтан есеп айырысу қағидаты бойынша құрылған және бүкіл экономиканың табысты дамуы есеп айырысу жүйесінің қаншалықты тиімді жұмыс істеуіне байланысты. Бұл ретте егер компаниялар арасындағы ірі мәмілелер, әдетте, қолайлы болғандықтан және басқа да себептерге байланысты қолма-қол ақшамен жасалмайтын тәртіппен жүзеге асырылса, ұсақ немесе бөлшек төлемдердің көп бөлігі қолма-қол ақшамен жүзеге асырылады. Оған себеп болып отырған қолма-қол ақшаның қолданыстағы баламаларының жеткілікті түрде жетілдірілмеуі. Ақшаның жылдам әрі ыңғайлы берілуін, қауіпсіздікті және операция құнының онша жоғары болмауын қамтамасыз ететін қолма-қол ақшамен жасалмайтын есеп айырысу жүйесі оған балама бола алады.

Басқа көптеген елдердегі сияқты Қазақстанда да өздеріне тән функцияларды орындайтын және, әдетте, бірін бірі ауыстыра алатын бірнеше төлем жүйесі жұмыс істейді. Бұл – жүйелік тұрғыдан маңызды – Банкаралық ақша аудару жүйесі және Банкаралық клиринг жүйесі, сондай-ақ жүйелік тұрғыдан маңызды емес, бірақ қолма-қол ақшамен есеп айырысуды дамыту тұрғысынан маңызды – төлем карточкаларымен, Интернет, мобильді қондырғылар арқылы, электрондық ақшаны және т.б. пайдалана отырып жүргізілетін есеп айырысу жүйесі. Жүйелік тұрғыдан маңызды төлем жүйелерінің жұмыс істеу тетігі едәуір жақсы пысықталғандықтан және айтарлықтай іркілістер болмайтындықтан, көбіне жоғарыда көрсетілген критерийлерге сәйкес келетіндіктен, сондай-ақ бұл жүйелер халықтың қолма-қол ақшамен төлемдерді жүзеге асыруымен тікелей байланысты болмағандықтан, бұл жүйелер қарастыру үшін ерекше қызығушылық туындатпайды. Бұл мақаланың түпмәтінінде халық тікелей жүзеге асыратын немесе жүзеге асыра алатын ақша төлемі мен аударымдары жүйелеріне көбірек көңіл қойылады.

Қолма-қол ақшамен есеп айырысудың дәстүрлі түрде қалыптасқан жүйесінің адамдар үшін қалыпты әрі дағдылы болғаны соншалықты, одан бас тарту және оны басқасымен ауыстыру ақылға сыймайды. Сондықтан да қолма-қол ақшамен жасалмайтын есеп айырысу үлесі жоғары дамыған елдердің өзінде «тірі» ақшадан бас тарту үрдісі болашақта байқалмайды. Тіпті кейбір сарапшылар қолма-қол ақшадан бас тарту құрғақ қиял деген пікірде, себебі қолма-қол ақшамен жасалмайтын есеп айырысу қолма-қол ақша айналысын тек толықтыра алады, сондай-ақ банкноттар мен монеталар түмен, елтаңбамен және т.б. қатар мемлекет рәміздерінің бірі болып табылады.

Соған қарамастан, қолма-қол ақшадан қолма-қол емес ақша айналысына өту – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі. Мұндай міндетті шеше отырып, өзара есеп айырысу субъектілерінің кірістері мен шығыстары «ашық» болады, ол сыбайлас жемқорлықтың және міндеттемелерді орындаудан жалтарудың төмендеуіне әкеп соғады. Түпкілікті нәтижесінде барлығы жеңеді.

Алайда бүгінгі күні, әдетте, төлем карточкалары жататын қолда бар қолма-қол ақшамен жасалмайтын төлем құралдарын пайдалану халық үшін әрқашан ыңғайлы және пайдалы емес. Қолайлылық тұрғысынан алғанда тиісті инфрақұрылымның болмауына байланысты қолма-қол ақшамен жасалмайтын төлемдерді барлық жерде бірдей жүзеге асыру мүмкін емес не қолма-қол ақшамен төлеу жылдам әрі жеңілірек (чекке қол қоюдың қажеттігі жоқ) болады. Қолма-қол ақшамен жасалмайтын есеп айырысудың тиімсіздігі көбіне шаруашылық жүргізу субъектілеріне – банктерге қолма-қол ақшамен жасалмайтын айналым сомасынан эквайрингтік пайыз төлейтін сауда және сервис пункттеріне қатысты. Жекелеген қолма-қол ақшамен жасалмайтын транзакциялардың жүзеге асырылғаны үшін банкке комиссия төлеу мәселесі белгілі бір дәрежеде төлем жүргізушілерге де қатысты.

Соған қарамастан қолма-қол ақшаны пайдаланудың тиімді болып көрінуі кең көлемде қарастырған кезде елес болып қана табылады. Қолма-қол ақша айналымы қымбатырақ тұрады, оны тек қолма-қол ақша эмитенті, банктер және өзге де шаруашылық жүргізу субъектілері о бастап төлеп қояды (инкассациялау және есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету шығыстары). Соған қарамастан бұл шығыстар кейіннен өзара есеп айырысуға қатысушылардың барлығының арасында тауарлар мен қызметтердің қымбаттауы не ақшаны шығару шығындары ел бюджетінің есебінен өтелетін елдердегі салықтар (Қазақстанда мұндай шығындардың бюджетке қатысы жоқ, себебі ол Ұлттық Банк кірістерінің есебінен өтетеді) түрінде бөлінеді. Бірақ, есеп айырысуға қатысушылар үшін жанама түрде қымбатырақ болғанымен, қазір және осы жерде төлеудің қажеті жоқ төлем тәсілі тартымды болып қала береді. Осылайша, төлемнің қолма-қол ақшамен жасалмайтын тәсілдері әділетсіз тартымсыз болып отыр. Қолма-қол ақша айналысын тікелей төлем жүргізушілердің төлеу мәселесінің көтерілетіндігін, бірақ іске асыру тетігінің болмауына байланысты іс жүзінде қолданылмайтындығын атап өткен жөн.

Осыған орай қолма-қол емес ақы төлеу тәсілдерін ынталандыру, оның ішінде шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін шектеулер мен талаптарды белгілеу арқылы ынталандыру жөнінде шаралар қабылдауға тура келеді. Бүгінгі күні Қазақстанда қолма-қол емес төлемдердің үлесін ұлғайту жөніндегі негізгі шараларға заңды тұлғалар арасында қолма-қол ақшаға мәміле сомасын шектеу және төлем карточкаларын ақы төлеуге қабылдау бойынша заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлерге қызметінің түріне байланысты талаптар қою жатады. Заңды тұлғалардың төлемдері әдетте банк-клиент деп аталатын мамандандырылған жүйе бойынша жүзеге асырылатынына байланысты (ақша банк шегінде бір банк шотынан басқасына не басқа банкке жүйелік маңызды төлем жүйелері арқылы аударылады), мұндай төлемдер үлесінің ұлғаю немесе азаю жағынан қарай қандай да болмасын өзгерістері елдегі бөлшек төлемдердің дамуын сипаттамайды.

Төлем карточкаларын ақы төлеуге қабылдау бойынша талаптарға қатысты келер болсақ, мұндай шаралар бөлшек қолма-қол емес төлемдердің көлеміне тікелей әсер етеді. Алайда, талаптардың нарықтық жолмен емес, нұсқау түрінде белгіленгеніне байланысты барлық тараптардың мүдделері ескерілмеді. Мәселен, сауда және қызмет көрсету орындары көп жағдайда сатудан түскен эквайрингтік пайызды төлегісі келмейтіндіктен төлем карточкаларын ақы төлеуге қабылдауға мүдделі болмайды не жекелеген кәсіпорындардың қаржылай айналымдарының жоғары болмауына байланысты эквайерлердің өздері аз пайда түсуіне орай POS-терминалдарды орнату мен қызмет көрсетуге шарттар жасағысы келмейді.

Төлемдерді қолма-қол емес тәртіппен жүзеге асыру талаптары Қазақстанда ғана қолданылмайды. Атап айтқанда, олар кеңестік дәуірден кейінгі кеңестік елдерінде танымал. Алайда көптеген сарапшылардың айтуынша бұл шаралардың белгілі бір нәтижелерге жеткізуіне қарамастан, кейіннен қолма-қол емес есеп айырысуларды дамытуды ынталандырудың жаңа тетіктерін белгілеу қажет, ал оларды жүзеге асыруға төлемдерге барлық қатысушылар мүдделі болады. Мұндай тетіктердің бірі кәсіпорындардың қолма-қол емес қаржылай айналымдарына салық салу мөлшерлемесін төмендету болып табылады.

Сонымен қатар қолма-қол емес есеп айырысуларды ынталандыру проблемасына басқа қырынан қарауға да болады. Ең бірінші кезекте ықпал ету қажет жүйенің негізгі қатысушысы немесе элементі төлем жасаушылар болып табылады. Егер төлем жасаушыларға қолма-қол емес тәртіппен ақы төлеу ыңғайлы әрі тиімді болады деп болжайтын болсақ, мұндай төлем жасаушылар қолма-қол емес есеп айырысудың мүмкіндігін өздері іздейтін болады және нәтижесінде, сауда және қызмет көрсету кәсіпорындары мұндай мүмкіндікті қамтамасыз етуге мүдделі болады. Кірістері банк шотына түсетін (жалақы жобалары, әлеуметтік төлемдер және т.б.) төлем карточкаларының ұстаушылары үшін бүгінгі күні банктер тарапынан қолма-қол емес тәртіппен ақы төлеудің ынталандырушы жағдайлары жасалған. Мәселен, қолма-қол ақшаны алғаны үшін банктер сомасынан белгілі бір пайыз ұстап қалады, ал сауда және қызмет көрсету кәсіпорындарында тауарлар мен қызметтерге қолма-қол емес ақы төлеген кезде әдетте төлем карточкаларын ұстаушылар

комиссия төлемейді.

Жоғарыда атап өткендей, төлем карточкалары бірқатар себептерге байланысты ең тартымды төлем құралы болып табылмайды. Осыған байланысты ұялы байланыс операторлары және интернет желілерінің көмегімен ақы төлеу немесе банк шотына кіруді жүзеге асыру технологияларына барынша назар аударылады. Екі жағдайда да төлем құралы ретінде ұялы телефон немесе планшет пайдаланылуы мүмкін. Төлем карточкалары бәрінде бар деп айта алмаймыз, ал ересек адамда ұялы телефонның болмауы қисынсыз жағдай. Сонымен бірге операциялық жүйесі бар телефондар – смартфондар көп қолданылуда, олар түрлі күрделі бағдарламалық қосымшаларды орнатуға және бір мезгілде пайдалануға мүмкіндік беретіндіктен ақы төлеу технологиясында едәуір мүмкіндіктер ашады.

Телефон немесе смартфон ақша төлемі мен аударымы бойынша операциялар жасауға барлық қажетті тетіктерге ие, ол SIM-карта немесе өзге де орнатылған чип болуы мүмкін клиентті сәйкестендіру құралы, сондай-ақ ақпарат беру құралы болып табылады. Осылайша, бір құрылғы пластикалық төлем карточкасын және POS-терминалды ауыстырады. Ақпарат беру немесе сатып алу не ақша аудару бойынша қосымшаның жұмыс істеуі үшін телефонды интернетке қосу міндетті емес, ұялы оператордың желісі пайдаланыла алады. Бұдан басқа, ұялы телефон кеңінен қолданыла бастаған PayPass байланыссыз технологиясы бойынша сатып алуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Төлем құралы ретінде төлем карточкасына карағанда ұялы телефонның айқын басымдықпен пайдаланылуын ескере отырып, ақы төлеу желісін төлем карточкалары арқылы дамытпай, ақы төлеу технологиясын ұялы телефон арқылы дамытуға баса назар аудару қажеттілігі туралы пікірлер жиі айтылуда. Атап айтқанда, мұндай жағдай ақы төлеу желісін төлем карточкалары арқылы дамытудың деңгейі төмен елдер үшін оңтайлы болып табылады, ондай елдерге Қазақстанды жатқызуға болады. Сонымен бірге жекелеген елдердің (АҚШ, Оңтүстік Корея және т.б.) ұялы төлемдер нарығының басымдықпен өсу көрсеткіштері қызмет көрсету провайдерлерінің де, сол сияқты төлем жасаушылардың да мұндай төлемдерге деген айтарлықтай қызығушылығын куәландырады.

Сонымен қатар, электрондық төлемдер нарығының қолданылып жүрген схемасы, оның ішінде төлем карточкалары мен мобильді телефондарды пайдалана отырып, әмбебап емес, себебі барлық қатысушыларды қамтымайды, тек банктер немесе төлем қызметінің провайдерлері шарт жасайды. Схеманың әмбебап болмауына байланысты қолма-қол ақшамен жасалмайтын есеп айырысулар қолма-қол ақшаның шынайы бәсекелесі бола алмайды. Сондықтан қолданылып жүрген схеманы төлемдер технологиясын дамытудың аралық кезеңі ретінде қарастыру керек. Бұл ретте бірден мынадай сұрақ туындайды – ал қандай схема әмбебап? Ол ең алдымен қолма-қол ақшамен жасалатын төлемдердің схемасына кем болмауы, кейбір ретте асып түсуі керек, яғни кімге де болмасын барынша жылдам және шығынсыз ақы төлеуі үшін қолайлы болуы тиіс. Осыған байланысты схеманы ұйымдастыру тәсілін қайта қарастыру және де, мүмкін оны қазіргі басым жағдайлардағыдай бизнес тарапынан емес, мемлекет тарапынан әзірлеу талап етіледі.

Барлық субъектіні бір мемлекет шеңберінде Қазақстандағы бірыңғай желіге байланысты мәселесін шешуге жеке және заңды тұлғалар үшін жеке және бизнес сәйкестендіру нөмірлерін (ЖСН/БСН) енгізе және оларды банк шоттарына байланыстыра отырып ішінара қол жеткізілді. Сондай-ақ кейіннен есеп айырысулардың қатысушыларын бірыңғай желіге трансмемлекеттік деңгейде де байланыстыруға болады, себебі субъектілерді ЖСН/БСН бойынша сәйкестендіру принципі көптеген елдерде пайдаланылады. Техникалық тұрғыдан алғанда, ЖСН/БСН біле отырып осы нөмір тиесілі субъектіге ақша аударуға болады (оның банк шоты болған кезде). Сонымен қатар, мобильді технологияларды пайдалана отырып қолма-қол ақшамен есеп айырысудың қауіпсіздігін арттыруға болады. Мәселен, мобильді телефоннан төлем операцияларын жүзеге асыру үшін PIN-код принципі бойынша төлем карточкаларының авторизация кодын белгілеуге болады, бұл мобильді телефон жоғалған немесе ұрланған жағдайда рұқсат етілмеген төлемдерді болдырмайды. Сонымен қатар, мобильді телефонды банк шотынан ақшаны есептен шығару бойынша

операцияларды растау үшін пайдалануға болады. Мысалы, транзакция жасау аяқталғаннан кейін мобильді телефонға банк шотынан шығыс операцияларын растау қажеттілігі туралы хабар келеді және осындай растамадан кейін ғана (сондай-ақ, мүмкін, PIN-кодты пайдалана отырып) ақша шоттан есептен шығарылады.

Мобильді төлемдер жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі үшін мобильді желілер жұмысының сапасы маңызды болу керек, мұны жоғары жылдамдық және ақпарат өткізу ағынының үздіксіздігі деп түсінуге болады. Өкінішке орай, Қазақстан байланыстың жаңа стандарттарын ендіру деңгейі бойынша мүлдем артта қалып отыр. Егер дамыған елдерде 4G стандарты пайдаланып және жақын болашақта, 5G стандартын жоспарлап отырса, онда Қазақстанда мобильді желілердің негізгі бөлігі 2G стандартында жұмыс істейді. Салыстыру үшін 2G стандартында ақпарат өткізу жылдамдығы с/400 Кбит аспайды, ал 4G стандартында с/100 Мбит – с/1 Гбит аралығында болады.

Аталып өткендей, мобильді төлемдер желісін мемлекеттің қатысуымен құру кезінде кешенді тәсілдің қажеттілігі ескеріле отырып, осындай міндетті шешу ұзаққа созылуы мүмкін. Алайда, дәлелді себептер болғандықтан, тек бизнес қана міндетті орындай алмайды, сонымен қатар мемлекетке де дербес іске асыру кезінде барлық проблемалық мәселені ескеру қиынға соғатын болады. Сондықтан, мобильді төлемдердің толық ауқымды жүйесін әзірлеу және ендіру кезінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестік мақсатқа сай болады. Ірі жобаларды іске асыру кезіндегі симбиоздың осындай схемалары әлемде табысты қолданылады және Қазақстанда да болуы тиіс.

Проблемалық мәселелердің орын алып отырған және болуы ықтимал салдарларына қарамастан, бүгінгі күні бөлшек төлемдер жүйелерін дамытудың жалпы векторы барынша айқын – мобильді құрылғылар қолма-қол ақшамен жасалмайтын ақы төлеудің негізгі құралы ретінде болуы тиіс. Және мобильді телефондағы бірнеше пернені басу арқылы есеп айырысуға, мысалы, купюралар мен монеталарды санамай-ақ, бұрышта сатып тұрған гүл шоқтары үшін есеп айырысуға қолайлы болатын күнде де алыс емес.

Электрондық ақша нарығының жұмысына шолу

Нұрбаев А.А. – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері департаменті төлем жүйелерінің саясаты басқармасының бас маман-экономисі

Мақалада электрондық ақша нарығындағы ағымдағы ахуалға талдау жасалады.

Электрондық ақшаның белсенді өсуіне себепші болатын ерекшеліктер қарастырылады.

Мақалада электрондық ақшаның алуан түрлілігі, электрондық ақша нарығының сандық көрсеткіштері, сондай-ақ Қазақстанның электрондық ақша нарығында орын алған проблемалар қорытылған.

Электрондық ақша – жеке тұлғалардың операциялар жүргізуіне арналған төлем құралы, оның ішінде Интернет желі арқылы. Электрондық ақшаны одан әрі пайдалану үшін оны сатып алу процесі аз уақыт алады. Әдетте, сатып алу рәсімі қарапайым және оны Интернет желісі арқылы жүргізуге балады. Қазіргі кезде отандық нарықта Қазақстанның 4 электрондық ақша жүйесі жұмыс істейді, төмендегі 5 банк олардың эмитенттері болып табылады:

1. «Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» РМК электрондық ақша жүйесі (<http://www.ekzt.kz/>). Эмитенттері – «Эксим банк» АҚ және «ТемірБанк» АҚ. 2012 жылғы мамырдан бастап жұмыс істейді;

2. «Wooraу» электрондық ақша жүйесі. Эмитенті – «Евразиялық банк» АҚ. 2012 жылғы желтоқсаннан бастап жұмыс істейді;


3. «KZM» электрондық ақша жүйесі. Эмитенті – «Альянс банк» АҚ. 2013 жылғы ақпаннан бастап жұмыс істейді;

4. «Visa Qiwi Wallet» электрондық ақша жүйесі. Эмитенті – «AsiaCredit Bank» АҚ. 2013 жылғы мамырдан бастап жұмыс істейді.

2013 жылғы сәуір – 2013 жылғы желтоқсан аралығында Қазақстан эмитенттерінің электрондық ақшасын пайдалана отырып Қазақстан аумағында 4,9 млрд. теңге сомаға 2,4 млн. транзакция жасалды. 2014 жылғы 1 қаңтарға 4,9 млрд. теңге шығарылды, ал айналыста 4,4 млрд. теңге.

Электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізілген операциялардың саны және сомасы бойынша орташа алғанда тоқсан сайынғы өсуі төрт еседен (400%) асады.

Электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізілген операциялар санының өзгеру динамикасы



Электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізілген операциялар сомасының өзгеру динамикасы




Электрондық ақша жүйелерінің әрқайсысы электрондық ақшаның көмегімен Интернет желісі арқылы тауарлар мен қызмет көрсету, белгілі жеткізушілердің (ұялы байланыс, кабельдік телевидение, Интернет) өзге де талап етілетін қызметті үшін ақы төлеуге, жүйе пайдаланушыларының арасында ақша аударуға мүмкіндік береді. Электрондық ақшаны эмитент банктерден, эмитенттердің немесе операторлардың агенттерінің өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдарынан, сондай-ақ VISA және MasterCard төлем карточкаларының көмегімен сатып алуға болады.

Электрондық ақша операторлары және жүйелері өзінің электрондық ақша жүйелеріне әртүрлі мүдделі тараптармен өз жүйелерін электрондық коммерция сегментінде дамыту және өткізілетін тауарлар мен қызмет көрсетулер үшін ақы қабылдауды ұйымдастыру үшін оларға жаңа қатысушыларды қосу бойынша әртүрлі іс-шараларды белсенді жүргізетін жаңа пайдаланушыларды қосуға мүдделі.

Интернет төлемдерді онлайн сатып алуға қызмет көрсетуге байланысты электрондық ақша мен сервистер нарығы Қазақстанда өзінің дамуына бастапқы сатысында тұр. Бұл ретте Интернет төлемдер нарығы динамикалық дамуды көрсетіп отыр, аудиториясы мен ұсынылатын сервистері біртіндеп кеңеюде.

Электрондық ақшаны пайдалана отырып ақы төлейтін электрондық ақша иелері санының өзгеру динамикасы



Электрондық ақшаны пайдаланудың өзектілігі мынадай факторларға негізделген:

1. Электрондық ақша бөлек электрондық әмиянға электрондық ақша шығару есебінен қауіпсіздікті және төлем карточкаларының деректемелерін өткізуге байланысты тәуекелдерді төмендетуді қамтамасыз етеді. Электрондық ақша жылдым, қауіпсіз және онлайн сауданы, әсіресе аз сомаға мәмілелер бойынша сауданы жүзеге асыру үшін өте қолайлы. Осы арқылы осы ақы төлеу құралының танымалдылығының өсуіне және ауқымды электрондық коммерцияның құрылымында қолдану аясының кеңеюіне байланысты соңғы үрдістерді түсіндіруге болады;

2. Электрондық ақшаның танымалдылығының өсуі сондай-ақ оларды пайдаланудың қолайлы болуына байланысты – Интернет арқылы сатып алу үшін ақы төлеу мүмкіндігі

беріледі, ал электрондық ақшаны сатып алу клиенттің банкке өзі келмей-ақ жүзеге асырылады, тиісінше уақыт алмайды;

3. Қарапайымдылығына, тиімділігіне және белгілі бір тауарды аздаған минут ішінде табу мүмкіндігіне байланысты Интернет арқылы сатып алуды жүзеге асырудың танымалдылығы жыл сайын өсуде.

Электрондық ақшаны белгіленген шектеулер шеңберінде құпиялылық режимінде пайдалану мүмкіндігі электрондық ақшаның белсенді өсуіне себепші болатын ерекшелік болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында жеке тұлғалардың электрондық ақшаны белгіленген – 100 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) лимиті шегінде сәйкестендіру рәсімдерін өткізбей сатып алу және пайдалану мүмкіндігіне жол беріледі. Одан жоғары операциялар кезінде клиенттер эмитент банкке оның жеке басын куәландыратын құжатты ұсына отырып сәйкестендіруден өтуі тиіс.

Дұрыс жүргізілген жағдайда барлық электрондық төлемдер ашық болуы тиіс және «жасырын төлем» сияқты ұғым болуы мүмкін емес. Бірақ, технологияның дамуына және қолма-қол ақшаны ауыстыруға мүмкіндігі бар немесе өзінің функциялары бойынша қолма-қол ақшаға неғұрлым жақын жаңа ақы төлеу құралдарының пайда болуына байланысты, осы құралдарға бірқатар жағдайларда ерекшелік ретінде клиенттердің мүддесі үшін және олар үшін қолайлылық жасау үшін оларды олардың ұстаушыларын сәйкестендіру бойынша қатаң талаптарсыз пайдалануға жол беру қажет. Бұл мемлекетте қосымша тәуекелдер тудырмайтын, төлеушіні сәйкестендірмей белгілі бір төлемдерді жасауға жол берілетін халықаралық практика. Әлемнің көптеген елдерінде электрондық ақша жүйелерін шеңберінде осындай лимиттер белгіленген және қолданылады, бұл жерде электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізілетін бір операцияның сомасы заңнамада белгіленген лимиттерден аспауы тиіс.

Бұл ретте, электрондық ақшаның эмитент банктері бір мезгілде қаржы мониторингінің субъектілері болып табыла отырып, электрондық ақшаны шығару және олар шығарған электрондық ақшаны пайдалана отырып операциялар жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған ақшаны заңдастыруға қарсы іс-әрекет туралы заңнамасының талаптарына сәйкес шаралар қолдануға міндетті. Банктер сондай-ақ эмиссияның барлық кезеңіне және сәйкестендірілмеген тұлғалардың электрондық ақшаны пайдалануына арналған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген лимиттерді сақтауға міндетті.

Қазақстан Республикасы заңнамасының осы талаптарына бұзғаны үшін электрондық ақша эмитенттерінің тиісті әкімшілік жауапкершілігі белгіленген. Осылайша, электрондық ақшаның эмитент банктері олармен жүргізілген барлық күмәнді операцияларды қадағалайды және тіркейді, сондай-ақ ақшаның жылыстауына байланысты заңсыз мәмілелерді жасау үшін жүйені пайдалану мүмкіндігін болдырмау жөнінде шаралар қабылдайды.

Электрондық ақшаның жұмыс істеп тұрған 4 жүйесінен «Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» РМК электрондық ақша жүйесі бөлініп шығады, ол мемлекеттік ұйымның қатысуымен құрылды, ондағы қызмет көрсету үшін комиссиялар (тарифтер) басқа электрондық ақша жүйелерімен салыстырғанда ең төмен болып табылады. Осы жүйе іске қосылған сәттен бастап жүйе оған әртүрлі ұйымдарды – сауда және сервис субъектілерін, сондай-ақ жеке тұлғаларды қосу бойынша қажетті жұмыстар жүргізілуде. Жүйе үздіксіз режимде жұмыс істейді және оған ақы төлеудің коммуналдық төлемдер, мобильді байланыс, телевидение және басқа да танымал қызмет көрсетулерді қоса алғанда 200-ден астам әртүрлі сервистер қосылған. «E - gov» мемлекеттік қызмет көрсету үшін ақы төлеу, салықтар, жол қозғалысы ережесін бұзғаны үшін айыппұлдар және бюджетке басқа да төлемдер бойынша сервисті қоса алғанда осы электрондық ақшаны пайдалана отырып жаңа сервистер ендірілді, сондай-ақ тауарлар/қызмет көрсетулер үшін ақы төлеу бойынша мобильді шешімдерді ендіру жоспарлануда. Сондай-ақ «EKZT» электрондық ақшаның иелерінде электрондық

ақшаны пайдалана отырып Ұлттық Банктің ресми интернет - ресурсында оның инвестициялық және коллекциялық монеталарын сатып алу мүмкіндігі бар.

Жүйенің қызметін пайдалануға ниетті кез келген тұлға жүйенің <http://www.ekzt.kz> ресми интернет – ресурсында электрондық әмиян ашу және жүйенің сервисін пайдалан алады. Электрондық әмиян ашу үшін жеке тұлғаларға арналған күрделі емес тіркеу рәсімінен өту және электрондық әмиянды толықтыру қажет болады. Сонымен қатар, жүйенің операторы электрондық әмиянды Қазақстанның кез келген банкі шығарған «Visa» және «MasterCard» төлем карточкалары, сондай-ақ «ҚБЕО» РМК агенттерінің қызмет көрсету терминалдары арқылы ekzt.kz жеке кабинетінен толықтыру мүмкіндігін іске асырды. Интернет желісінде төлем карточкалары арқылы толықтыру қандай да болмасын комиссияларды ұстап қалусыз жүзеге асырылады.

ekzt.kz жүйесінің электрондық ақшасымен төлемдер жүргізу кезіндегі негізгі артықшылық қызметті жеткізушілердің пайдасына кез келген төлемнің не жүйенің басқа пайдаланушыларына төлем сомасынан тысқары аударымдардың пайдаланушыға e-mail-ге тегін хабарлау арқылы 7 теңгеге түседі. SMS – хабарлама қызметі төлеушінің қалауы бойынша қосымша 7 теңгемен қолжетімді. Белгілі болып отырғандай, Интернет-банкинг жүйелерінде және терминалдарда қолма-қол ақы төлей отырып осындай төлемдер жүргізу кезінде орташа комиссиялық сыйақы 40-50 теңгені құрайды. ekzt.kz электрондық ақшасымен төлемдерді тәуліктің кез келген уақытында, демалыс және мереке күндеріне қарамастан, үйден немесе офистен шықпай, сондай-ақ төмен комиссия есебінен қаражатты үнемдей отырып жүргізуге болады.

Қазіргі кезде төлемдер жүргізу нарығында төлемдердің «эмоциялық төлемдер» деп аталатын жаңа санаты пайда болды, оларды әдетте, Интернет желісінің белсенді қатысушылары пайдаланады. Осындай төлемдерге: он-лайн Интернет ойындарда (стратегияларда) аккаунттарды толықтыруды, әлеуметтік желілерде (Вконтакте, mail.ru, сыныптастар) және басқа да танымал алаңдарда электрондық сыйлықтарды сатып алуды жатқызуға болады. Осы сегментте электрондық ақша ақы төлеудің неғұрлым талап етілетін құралы ретінде сипатталды, атап айтқанда «Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» РМК электрондық ақша жүйесі өзінің электрондық ақша иелеріне де осы қызметті пайдалану мүмкіндігін береді.

Алайда, Қазақстанның электрондық ақша нарығында да проблемалардың бар екенін атап өту керек. Мәселен, бүгінгі күні Қазақстанның аумағында шетел эмитенттері шығарған электрондық ақшаның таралуы және Интернет желісінде Қазақстанның сатып алушыларының пайдалануы байқалып отыр.

Қазақстанның пайдаланушылары шетел эмитенттері (негізінен Ресей компаниялары) шығарған электрондық ақшаның елдің аумағында есеп айырысуларды жүргізудің заңды құралы ретінде танылмайтынын түсінуі керек. Тиісінше, оны ел ішінде республиканың резиденттері арасында сауда және өзге операцияларды жүргізу кезінде пайдалану Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келеді. Резидент еместердің электрондық ақшасы шетелдік жеке төлем жүйелерінің электрондық құн бірлігі болып табылады. Олар әртүрлі елдің юрисдикциясында болады. Осыған байланысты, шетелдік жүйелердің электрондық ақшасының Қазақстандық иелері заңды түрде қорғалмаған, шетелдік эмитенттер – шетелдік компаниялар тарапынан олардың талаптарын өтеуге кепілдік берілмейді және тиісінше азаматтар барлық тәуекелді дербес көтереді.

Сондай-ақ Қазақстанның әртүрлі электрондық ақша жүйесінің өзара іс-әрекет жасау (ықпалдасу) мәселесі электрондық ақша иелері үшін өзара қиындық туғызады. Осы кезеңде, Қазақстанның электрондық ақша нарығында әртүрлі 4 жүйе бар, олардың әрқайсысының жұмыс схемасы бір бірінен өзгеше. Жеке тұлғалар төлемдерінің барлық аясы күнделікті өмірде осы құралмен әлеуетті түрде қамтылуы мүмкін. Бірақ электрондық ақшаны пайдалану, әдетте, оның қатысушылары арасындағы белгілі бір жүйе шеңберінде шектелген. Тиісінше, бір электрондық ақша жүйесінің электрондық ақшасын оның иесі басқа

электрондық ақша жүйесінде пайдалана алмайды. Әрбір жүйе жұмысының қолданыстағы автономды схемасы нарық үшін тиімді болып табылмайды, себебі электрондық ақшаның иесі – клиенттер үшін бірқатар қиындықтар туғызады. Осыған байланысты, осы кезеңде Қазақстанның әртүрлі электрондық ақша жүйесінің өзара іс-әрекет жасау (ықпалдасу) мәселесі ашық болып қалады және одан әрі оларды Қазақстанның кез келген жүйесінде пайдалану мүмкіндігін беру үшін тиісті шешімді талап етеді. Электрондық ақша жүйесінің қатысушылары болып табылмайтын не осындай басқа жүйенің пайдаланушысы болып табылатын субъектілердің пайдасына аударымдар жүргізу не ақы төлеу іс жүзінде мүмкін емес не электрондық ақшамен осындай операцияларды жүргізуді ұйымдастыру бойынша өз қызметін ұсынатын мамандандырылған делдалдар қатысқан кезде мүмкін. Сонымен бірге, қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес заңды тұлғалардың электрондық ақшаны азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша төлем құралы ретінде пайдалануға жол берілмейді.

Электрондық ақшаның даму және өсу динамикасы көрсетіп отырғандай осы жүйелердің аудиториясы мен сервистері біртіндеп тек кеңейетін болады. Басқа елдердің тәжірибесі электрондық ақшаның электрондық коммерцияның сегментінде ақы төлеу үшін барған сайын танымал болуда. Оны пайдалану қолма-қол ақша айналымын қысқартуға, онлайн қызметтер нарығын дамытуға, есеп айырысуды жеделдетуге себепші болады және азаматтардың төлем мәдениетін арттырады. Жалпы әлемдік үрдістер ескеріле отырып, осы құралға немесе жаңа инновациялық төлем сервистеріне қажеттілік арта түседі деп ойлаймыз. Осы процесс көбінесе Интернеттің одан әрі таралуына және өмірдің әртүрлі саласындағы, тұтынушылар үшін Интернет арқылы мүмкін болатын қызмет көрсету түрлерінің өсуіне, кеңеюіне байланысты. Электрондық ақшаның ақы төлеудің дәстүрлі құралдарын пайдаланудың тиімділігі аз болатын салалар мен сегменттердегі осы құралдарды біртіндеп ығыстыруға мүмкіндігі бар. Бұдан әрі электрондық ақшаны тек қашықтағы төлемдер үшін ғана емес, сонымен қатар контактісіз технологияларды және мобильді төлемдер технологияларын пайдалану негізінде тікелей сауда нүктелерінде пайдалануды күтуге болады.

Екінші деңгейдегі банктердің кредиттік белсенділігін басты құрамдас бөліктер әдісінің көмегімен талдау

Байгожина И. С., Қаржылық тұрақтылық департаментінің қаржы ұйымдарының тәуекелдерін кешенді бағалаудың методологиясы басқармасы, жетекші маман-талдаушы.

Қазақстандық кредит нарығының дамуының негізгі үрдістерін бағалау үшін оған әсер ететін көптеген факторларды нақты талдау қажет. Бағалаудың оңтайлы тәсілі ретінде деректердің үлкен көлемімен жұмыс істеуде айтарлықтай жиі пайдаланылатын басты құрамдас бөліктердің статистикалық әдісі таңдап алынды. Бұл әдіс зерделенетін деректердің үлкен көлемін саны жағынан да, оның кредит нарығының түрлі сапалық сипаттамаларын қамтуы жағынан да бағалауға мүмкіндік береді. Бұл мақала қазақстандық кредиттеу нарығын басты құрамдас бөліктер әдісінің көмегімен түрлі екі жағынан талдауға арналған: 1) кредиттеу нарығының даму үрдісіне әсер ететін факторларды талдау; 2) қазақстандық экономиканың корпоративтік секторы мен үй шаруашылықтарын қаржыландырудың талап етілген көлемі мен банктердің кредит қаражатын беруге ниеті арасындағы айырмашылықты талдау.

Басты құрамдас бөліктер әдісінің толыққанды сипатын алғаш рет ағылшындық профессор-математик Карл Пирсон 1901 жылы «Философиялық журналда» жариялаған болатын. Әдістің негізгі міндеті зерттелетін іріктеуді қысқарту және маңызды ақпаратты жоғалтпай, деректердің негізгі түрлерін сипаттайтын айтарлықтай маңызды факторларды анықтау болып табылады. Бастапқы деректер бірнеше жасанды ауыспалыларды – «*басты құрамдас бөліктерді*» бір бірін «қайталайтын»⁹ мәндерді топтастыру негізінде құру жолымен қысқартылады. Құрылған басты құрамдас бөліктердің саны әрқашан да зерттелетін іріктеу санына сәйкес келеді, алайда, көптеген жағдайларда, маңызды ақпарат бірнеше бірінші басты құрамдас бөліктерде ғана болады. Нәтижесінде бастапқы деректерді өзгерту нәтижесінде алынған бірінші басты құрамдас бөлік, әдетте, бүкіл іріктеу¹⁰ дисперсиясының барынша үлке көлемін қамтиды, бұл бір ауыспалыдан көбінің өзара байланысының жоғары болатындығын білдіреді. Өз кезегінде, екінші басты құрамдас бөлік дисперсияның бірінші басты құрамдас бөлік қамтымаған көлемін қамтиды және бірінші басты құрамдас бөлікпен байланыспайтын ауыспалылармен өте жоғары деңгейде байланысады. Осылайша, әрбір келесі құрамдас бөлік алдыңғы құрамдас бөліктерге қосылмаған ауыспалылармен байланысты емес және іріктеу дисперсиясын аз қамтиды.

Барлық іріктеуді бағалау үшін қажеті және жеткілікті бірінші басты құрамдас бөліктердің санын анықтау мақсатында «Кайзер критерийлері» (Kaiser, 1960) деп аталатын пайдаланады, ол меншікті мәні 1,00-ден асатын құрамдас бөліктерді іріктеуден тұрады. Осы критерийді қисынды негіздеу меншікті мәннің құрамдас бөлік дисперсиясының сомасын білдіретінінен тұрады және мән неғұрлым жоғары болса, тиісінше, оған неғұрлым көп ауыспалы кіреді. Меншікті мәні 1,00-ден аз құрамдас бөлік бір ауыспалы қамтуы мүмкін дисперсиядан аз дисперсияны қамтиды, салдарынан ол барлық іріктеуді талдау үшін соншалықты маңызды болып табылмайды. Басты құрамдас бөліктердің қажетті саны анықталғаннан кейін сондай-ақ әрбір құрамдас бөлікке кіретін бастапқы ауыспалылардың *меншікті векторларын* есептеу деректерді талдаудың маңызды кезеңі болып табылады. Меншікті векторлар үлес салмақтың рөлін атқарады және құрамдас бөлікке барынша үлес қосатын ауыспалыларды анықтауға көмектеседі.

Басты құрамдас бөлік әдісін деректермен бірге талдамалық жұмыста мынадай салаларда кеңінен қолдану: әлеуметтану, саясаттану, медицина, маркетинг және статистикалық зерттеу маңызды рөл атқаратын басқа салаларда қолдану. Қаржы саласында

⁹ Бұл жағдайда, «қайталау» ауыспалылардың бір факторды қайта-қайта сипаттауы салдарынан олардың арасында байланыстың жоғары болатындығын білдіреді.

¹⁰ Жіберілетін ауыспалылар тиісті статистикалық өңдеуден өтетіндіктен (үрдіс пен маусымдылықты алып тастағанда), олардың әрқайсысының бірлікке тең келетін дисперсиясы бар. Тиісінше, басты құрамдас бөлік әдісіндегі «іріктеудің ортақ дисперсиясы» бақыланатын ауыспалылар санына тең.

басты құрамдас бөлік әдісін қолдануларының бірі екінші деңгейдегі банктер пікіртерімдерінің деректері негізінде кредит нарығының параметрлерін талдау болуы мүмкін¹¹.

Кредиттеу нарығы дамуының үрдісіне ықпал ететін факторларды талдау.

Кредиттеу нарығы дамуының үрдісіне ықпал ететін факторларды талдау үшін бастапқы дереккөз ретінде пайдаланылатын банктерді зерттеу сауалнамасы ірі, орта және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің, сондай-ақ ипотекалық және тұтынушылық кредиттеу субъектілерінің кредиттік ресурстарының сұранысы мен ұсынысының сапалы өлшемдерін қамтиды. Оған қоса, осы сауалнамада сондай-ақ кредиттеу нарығының дамуына қатысты банктердің болжамдық күтулерін көрсететін мәселелер көрсетілген.

Осылайша, банктік пікіртерім нәтижелерін бағалай отырып, оның деректері негізінде бүкіл іріктеудің 75% дисперсиясын қамтитын 4 басты құрамдас бөліктер алынды және оның әрқайсысының 10 асатын өзіндік мәні бар. Практикалық тұрғыдан алынған басты құрамдас бөліктердің сапасы мен қолайлылығын бағалау мақсатында олардың барлығы «банктердің экономикаға кредиттері» және «банктердің несие портфелі» көрсеткіштерінің динамикасымен салыстырылды. Оған қоса, олардың арасындағы ықтимал сәйкес келетін және басым қасиеттерді анықтау үшін кросс-байланыс есептелді (1-кесте). Осы салыстыру нәтижелері бойынша бірінші және үшінші басты құрамдас бөліктер өзара байланыстырудың макроэкономикалық көрсеткіштермен анағұрлым жоғары мәндерін көрсетті, осының салдарынан олар анағұрлым қызығушылық тудырады. Сонымен қатар екіншімен салыстырғанда (тиісінше 8% және 15%), үшінші құрамдас бөліктің дисперсиясын жоғары емес қамтуға қарамастан құрамдас бөліктің үшіншісінің макроэкономикалық көрсеткіштерге қатысы бойынша басып озу қасиеттері бар, бұл кредиттеу көрсеткіштерінің динамикасын болжау тұрғысынан үлкен қызығушылық тудырады.

1-кесте


Басты құрамдас бөліктер мен макроэкономикалық көрсеткіштер арасындағы кросс-өзара байланыстыру

	Бірінші басты құрамдас бөлік		Екінші басты құрамдас бөлік		Үшінші басты құрамдас бөлік		Төртінші басты құрамдас бөлік	
	Өзара байланыстыру коэффициенті	Басып озу / қалып қою	Өзара байланыстыру коэффициенті	Басып озу / қалып қою	Өзара байланыстыру коэффициенті	Басып озу / қалып қою	Өзара байланыстыру коэффициенті	Басып озу / қалып қою
Макроэкономикалық көрсеткіштер								
Экономикаға кредиттер	96.9%	сәйкес келеді	57,1%	3-тоқсан кейін қалады	66.9%	4-тоқсан басып озады	41,0%	6-тоқсан басып озады
ЕДБ несие портфелі	94.6%	сәйкес келеді	51,8%	3-тоқсан кейін қалады	69.8%	3-тоқсан басып озады	4-тоқсан басып озады	6-тоқсан басып озады

Мәселен, бірінші негізгі құрамдас бөліктің «экономикаға кредиттер» және «банктердің несие портфелі» көрсеткіштеріне қатынасы бойынша сәйкес келетін қасиеті және жоғары байланысы бар (1-график). Сонымен қатар, банктер берген кредиттер динамикасын түсіндіретін факторларды талдау үшін меншікті векторлардың көмегімен осы құрамдас бөлікке ауыспалы, ең көп үлесті бағалау қажет. Бұрын атап өткендей, көрсеткіштің меншікті векторының мәні жоғары болған сайын, осы көрсеткіштің таңдауға ықпалы көп болады. Мәселен, банктердің кредиттік саясатына тәуекелдердің ықпалына, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты кредиттеуге сұраныс пен ұсыныстың өзгерістерінің өзгеруі мен күтулеріне қатысты сауалнама сұрақтары, сондай-ақ кредиттеу талаптарының өзгеруі бірінші негізгі құрамдас бөліктің жиынтығын құрайды. Сонымен қатар, корпоративтік сектордың ірі және орта кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеудің түрлі өлшемдері ең көп дәрежеде банктердің кредиттік белсенділігін және, тиісінше, тұтастай алғанда кредиттік нарықтың дамуын айқындайды.


¹¹ Екінші деңгейдегі банктердің 2088 жылғы 3-тоқсан – 2013 жылғы 3-тоқсан аралығындағы кезең үшін «Кредит нарығының жай-күйі және параметрлерін болжау» атты ҚРҰБ жүргізген зерттеу сауалнамасы, <http://www.nationalbank.kz/?docid=619>.

1-график



Ескерту: *маусымдылықты және трендті қоспағанда экономикаға кредиттердің уақытша қатары

2-график



Ескерту: * үшінші құрамдас бөлік оның басым қасиеттерін көрсету мақсатында 3-тоқсанға оңға жылжытылған;
** маусымдылықты және трендті қоспағанда банктердің несиелік портфелінің уақытша қатары

Өз кезегінде үшінші бас құрамдас бөліктің «банктердің несиелік портфелі» және «экономикаға кредиттер» көрсеткіштеріне қатынасы бойынша басым қасиеті бар (2-график). Осы құрамдас бөлікке тұтынушылық кредиттеуге қатысты ауыспалы, және ірі және орта кәсіпкерлік субъектілері кіреді. Бұдан басқа, ол банктердің коммерциялық жылжымайтын мүлікке кредиттер беру талаптарының өзгеруі (қатайту/жұмсарту) себептерін көрсетеді. Жоғарыда аталған пікіртерім деректерінде үшінші құрамдас бөліктің құрамындағы меншікті векторлардың (салмағының) ең көп мәні (10%-нан астам) бар, бұл олардың салыстырмалы жоғары мәнін куәландырады және, сонымен қатар, банктердің несиелік портфелі динамикасының өзгеруін қысқа мерзімді перспективада айқын алады. Алайда үшінші құрамдас бөлік және несиелік портфелі арасындағы жоғары емес байланыс (70%), сондай-ақ қысқа уақытша қатар нәтижелердің ұқыпты интерпретациясын және осы көрсеткіштердің өзгеру динамикасын одан әрі талдауды қажет етеді.

Кредит қаражатының сұранысы мен ұсынысы арасындағы бар айырмашылықты талдау.


Кредиттік ресурстарға өтелмей артқан сұранысты анықтау мақсатында экономикалық агенттердің тарапынан Қазақстан экономикасының корпоративтік секторын және үй шаруашылығын қаржыландырудың талап етілетін көлемі мен банктердің кредиттік ресурстарды ұсынудағы ниеті арасындағы айырмашылық есептелді. Бұл айырмашылықты есептеу үшін банктердің пікіртерімінен кредиттік ресурстардың сұранысы мен ұсыныстарына қатысты ғана өлшемдер тандап алынды. Бір кезеңде кредиттік ресурстардың сұранысы ұлғайғанын және ұсыныстары азайғанын атаған респонденттердің үлесімен және бір кезеңде кредиттік ресурстардың сұранысы төмендегенін және ұсыныстары ұлғайғанын атап өткен респонденттердің үлесі арасындағы айырмашылық кредиттік ресурстардың сұранысы мен ұсынысы арасындағы барынша жоғарғы арақатынасы бар секторларды анықтауға мүмкіндік берген басты құрамдас бөліктерді есептеуде негіз болды.

Осылайша, түгелдей іріктеудің 87%-ын түсіндіретін бірінші басты екі құрамдас бөліктер алынды. Олардың меншікті векторларына талдау жасай отырып, басты бірінші құрамдас бөлікке қаржыландыруды бәрінен де бұрын талап ететін кредиттеу субъектісінің түрін білдіретін көрсеткіштер кіргенін атап өтуге болады. Өз кезегінде, басты екінші құрамдас бөлікке ипотекалық және тұтынушылық кредиттеу субъектілеріне¹² жататын ауыспалылар кірді. Қаржыландырудың тапшылығын бағалау талдаудың басты мақсаты

¹² Талдауда кредиттеу субъектілерінің 5 түрі қаралды: ірі, орта және шағын кәсіпкерліктің, сондай-ақ ипотекалық және тұтынушылық кредиттеудің секторлары


3-график

Бірінші басты құрамдас бөліктің меншікті векторлары



4-график

Кредит ресурстарының сұранысы мен ұсыныстары арасындағы теңгерімсіздік индикаторы



болып табылатындықтан, барынша көп қызығушылықты бірінші құрамдас бөлік қана тудырады. Осылайша, оның меншікті векторларын бағалай отыра, корпоративтік сектор, атап айтқанда, орта кәсіпкерлік субъектілері кредиттік ресурстардың барынша тапшылығын байқап отыр деген қорытынды жасауға болады (3-график).

Банктер тарабынан кредит ресурстарына сұраныс пен ұсыныстағы орын алған теңгерімсіздік туралы жиынтық ақпаратты талдау мақсатында, кредит ресурстарындағы сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңгерімсіздік индикаторын көрсететін бірінші басты құрамдас бөліктің уақытша қатары есептелген болатын (4-график). Сонымен, индикатордың динамикасын талдай отырып, 2013 жылғы 1-тоқсанға дейін банктер тарабынан кредит ресурстарын шектен тыс ұсыну байқалғандығын атап өткен дұрыс. Алайда 2013 жылғы 1-тоқсаннан бастап банктердің тарабынан кредит ресурстарына шектеулі ұсыныс болған кезде кредит ресурстарына сұраныстың өсу үрдісі байқалып отыр. Оның үстіне, банктердің болжамды күтулерінің деректеріне сүйене отырып,

кредиттеудің сұранысы пен ұсынысы арасындағы айырманың одан әрі ұлғаюы болжанып отыр.

Жалпы басты құрамдас бөліктің әдісімен жүргізілген талдау нәтижелері Қазақстан кредит нарығына, оның динамикасына ықпал ететін факторларға талдау жасауға, сондай-ақ қарыз алушылар тарабынан сұраныстың өзгеруі мен банктердің тарабынан кредит қаражатына ұсыныстардың өзгеруі арасындағы бар айырманы анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен банктердің экономикаға кредиттерінің динамикасына ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты өлшемдер айтарлықтай ықпал етеді, ал банктердің несие портфелінің динамикасына тұтынушылық кредиттеу өлшемдері ықпал етуі мүмкін. Өз кезегінде экономикалық агенттер тарабынан кредит ресурстарына жабылмаған шектен асқан сұранысты талдау кредит ресурстарының анағұрлым үлкен тапшылығына корпоративтік сектор, атап айтқанда орта кәсіпкерлік субъектілері мұқтаж. Осылайша басты құрамдас бөліктің пайдаланылған әдісі зерттеліп отырған көп ақпараттан бағалаудың барабарлығын жоғалтпай, барынша пайдалы ақпарат көлемін іріктеуге мүмкіндік береді.

Әдебиет тізімі

Annalisa Ferrando¹, Nicolas Griesshaber², Petra Köhler-Ulbrich¹, Sébastien Pérez-Duarte¹, Nadine Schmitt, «Measuring the opinion of firms on the supply and demand of external financing in the euro area», European Central Bank, 2012

Jan De Leeuw, «History of nonlinear principal component analysis», 2013

Kaiser, H. F. (1960). The application of electronic computers to factor analysis. Educational and Psychological Measurement, 20, 141-151.

Lindsay I Smith, «A tutorial on Principal Components Analysis», February 26, 2002

Lise Pichette, Lori Rennison, «Extracting Information from the Business Outlook Survey: A Principal-Component Approach», Bank of Canada, 2011

Кредит нарығының сапалық өлшемдері бойынша банктерді зерттеудің динамикалық нәтижелері, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, 2008 - 2013 жж. аралығы, <http://www.nationalbank.kz/?docid=619>

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің сайты: <http://www.stat.gov.kz>

Қазақстан Республикасындағы ақша төлемі мен аударымы туралы

Ибраев М.Ч. ҚР Ұлттық Банкінің Алматы облыстық филиалы бухгалтерлік есеп бөлімінің бастығы - бас бухгалтер

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Алматы облыстық филиалы Ақша төлемі мен аударымы туралы заңнамаларға енгізілген кейбір өзгерістер мен толықтыруларға үнемі шолу жасап, қызмет бабында пайдаланады.

Қалтарысты экономиканы қысқарту мақсатында заңды және жеке тұлғалар үшін қолма-қол ақшамен өзара есеп айырысу жүргізу мүмкіндігін тарықтыруда. 2012 жылғы 21 маусымдағы №19-V «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізінде 1000 ең төменгі есептік көрсеткіштен астам мәмілелерді шектеу бөлігіне қатысты ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл шектеу 2012 жылғы 23 қыркүйектен бастап қолданылып келеді. Төлемдер Ақша төлемі мен аударымы туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы № 237-І Заңының (бұдан әрі-Төлемдер туралы заң) 21-бабының 1-тармағына сәйкес азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде Қазақстан Республикасының заңнама нормалары мен сот шешімдеріне сәйкес жүргізіледі. Заңды тұлғалар арасындағы сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және төлем жасалған күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшерінен асатын мәміле бойынша төлемдер қолма-қол ақшасыз төлеу тәртібімен ғана жүзеге асырылады. Заңды тұлғалар азаматтық-құқықтық мәмілелер айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшерінен асатын сомасына төлемді қолма-қол ақшамен жүзеге асырғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Кодексінің 203-бабы (бұдан әрі-ҚР ӘҚБК) негізінде әкімшілік жауапкершілікке тартылып, екінші заңды тұлғаның пайдасына шешіледі. Азаматтық-құқықтық мәмілелер ауызша немесе жазбаша түрде (жай немесе нотариалды) жасалады. ҚР Азаматтық кодексінің 152-бабына сәйкес айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшерінен асатын сомасындағы мәмілелер жазбаша түрінде жасалуға тиіс.

ҚР АҚ 188-бабының 1-тармағына сәйкес субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы толығымен бар. Осыған орай, 2012 жылдың 23 қыркүйегінен бастап кезеңдік төлемге қарамастан, 1000 ең төменгі есептік көрсеткіштен аспайтын сомадағы айыппұл ұсынбай, заңды тұлғалар арасында азаматтық-құқықтық мәміле бойынша төлем жасауға мүмкіндік туды. Бұл шектеулер дара кәсіпкерлер жүзеге асыратын мәмілелерге, сондай-ақ салықтар мен міндетті төлемдер жөніндегі салық міндеттемелеріне қатысты емес.

Жоғарыда аталған 2012 жылғы 21 маусымдағы ҚР Заңымен 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Салық кодексінің, Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің, «Төлемдер мен ақша аударымдары туралы» ҚР Заңының төлем карточкаларын пайдалану арқылы төлемдерді жүзеге асыру үшін жабдықтарды (қондырғылар) орнатуды талап ету және оларды орнатпаған жағдайда әкімшілік шаралар қолдану бөлігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Төлемдер туралы заңының 11-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес арнаулы салық режимін қолданатын және (немесе) ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі жоқ жерлердегі тұлғаларды қоспағанда, дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар өз қызметін жүзеге асыратын жерлерде төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға арналған жабдық (қондырғы) орнатуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға міндетті.

Төлемдер туралы заңының 11-бабының 4-тармағы негізінде Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі жоқ жерлердегі тұлғаларды қоспағанда, дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар өз қызметін жүзеге асыратын жерлерде төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға арналған жабдық (қондырғы) орнатуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға міндетті.

4 - тармақ 2014 жылғы 1 шілдеден бастап қолданылып келеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР кодексінің 161-1-бап және 161-2 баптарына қосымша баптардың енгізілуіне байланысты дара және заңды тұлғалар кезінде төлем карточкаларын пайдалану арқылы төлем қабылдаудан бас тартса, жерлерде төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға арналған жабдық (қондырғы) орнатуды қамтамасыз етпесе әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Төлемдер туралы заңмен Қазақстан Республикасының аумағында сауда қызметін жүзеге асыру (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) кезінде төлем карточкаларын пайдалану арқылы төлемдерді қабылдауға арналған жабдық (қондырғы) бойынша төлемдерді қабылдауға міндетті тұлғалар белгіленген жайында айта кеткен жөн.

«Пайдаланылған әдебиеттер тізімі»

1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 269-ХІІ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлімі)

1998 жылғы 29 маусымдағы № 237-І «Ақша төлемі мен аударымдар туралы» ҚР Заңы

2001 жылғы 30 қаңтардағы № 156-ІІ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі

Алматы қ. электронды банк қызметтерін дамыту

Зарипова А.А. - ҚР ҰБ Алматы қалалық филиалы Экономикалық талдау және статистика бөлімінің жетекші маман-экономисі

Осы мақала Алматы қ. электронды банк қызметтерін дамытудың негізгі сәттерін қамтиды. Басты акцент қазақстандық банктермен электронды терминал мен қашықтықтан кіру жүйесі, сондай-ақ Интернет немесе мобильді байланыс операторлары желісі арқылы жүзеге асыру жолымен төлем және электронды банк қызметтерді ұсыну тәсілдеріне жасалады.

Негізгі сөздер: электронды банк қызметтері, банк қызметтері, төлем карточкасы, төлем жүйесі, POS-терминалдар, импринтерлер, банкоматтар мен банк киоскілері.

Қазақстан Республикасында төлем карточкалары, Интернет-банкинг, тез төлем жасау терминалдары мен клиенттерге қашықтықтан қызмет көрсету тәсілдері арқылы электронды тәсілмен ұсынылатын төлем банк қызметтерінің жұмыс істеуінің әлемдік тәжірибесін пайдаланады. Қазақстан банктері халыққа төлем банк қызметтерінің кең спектрін ұсынады.

Банктермен электронды терминал мен инновациялық әдістен қашықтықтан кіру жүйелер арқылы төлем және өзге қызметтерді ұсыну бірте-бірте қаржы қызметтер нарығына әсер ету факторларының бірі болып келеді. Сөйтіп, банктің, есеп айырысу-кассаларының тармақталған жүйелері болмай тұрып, интернет, мобильді банкинг пен электронды терминал арқылы қызметтерді ұсына отырып, клиенттердің көп санын тарта алады. Сөйтіп, төлем жүйелерін қоса отырып, елдің қаржылық секторын дамытудың ағымдағы жай-күйі мен перспективаларын бағалау интернет, мобильді байланыс операторлары инфрақұрылымының дамығандығын, сондай-ақ электронды терминалдарының болуы мен олардың халықтың негізгі бөлігіне қол жетімділігі ескерілуі міндет.

Қазақстанда электронды банк терминалдары инфрақұрылымының көрсеткіші 2013 жылғы 01 тамызда мынадай күйде ұсынылды:

- 39 211 POS-терминал, олардың 33 125 сауда және қызмет көрсететін ұйымдарда орнатылған (01.08.2012 жылмен салыстырғандағы өсу тиісінше 3,2% бен 3,4%-ды құрады);

- 8 779 банкомат, олардың 1 087 қолма-қол ақшаны қабылдау функциясымен (өсу тиісінше 0,4% бен 1,0%-ды құрады);

- 2494 банк киоскілері (өсу 6,0%-ды құрады).

Қазақстан Республикасында 01.01.2013 жылғы жай-күй бойынша 1 терминалға 483 тұрғыннан, 1 банкоматқа – 1 860 тұрғыннан келді. Салыстыру үшін Ресейде 2012 жылы 1 терминалға 270 тұрғыннан, бір банкоматқа - 1 007 тұрғыннан келді.

1-кесте

Ел	1 терминалға тұрғындар саны	1 банкоматқа тұрғындар саны
Қазақстан	483	1 860
Ресей	270	1 007
Англия	45	960
Сингапур	58	2 053
Швейцария	51	1 188
Қырғызстан	2010	8197

Сонымен бірге, елде үлкен функционалды мүмкіндіктерге байланысты келешекте банк киоскілері желісінің аса динамикалық дамуын күткен жөн.

Электронды банк терминалдары мен төлем карточка ұстаушыларының сандық көрсеткіштерінің қатынасы кезінде 3 терминал мен 1 банкомат 1 000 тұрғынға келеді екен. Бұл ретте банкоматтар бойынша аталған көрсеткіш дамыған елдердің көрсеткіштеріне ұқсас. Сөйтіп, мысал ретінде, Сингапурда – 0,5 банкомат 1 000 ұстаушыға келеді екен. Орнатылған терминалдарға қатысты Қазақстан көрсеткіші дамыған елдердің көрсеткіштеріне қарағанда

төмен, сөйтіп Англияда 1 000 ұстаушыға 8 терминалдан, Сингапурда – 17 терминалдан, Швейцарияда – шамамен 10 терминалдан келеді екен. Көрші елдерге қарағанда Қазақстанда банк терминалдары мен банкоматтар желісі тым дамыған.

Қазіргі уақытта төлем карточкалары мен олардың деректемелерін пайдаланған саияқты, сонымен бірге оларды пайдаланбай қолма-қол емес төлемдерді жүзеге асыру үшін клиенттерге POS-терминалдар, импринтерлер, банкоматтар мен банк киоскілері сияқты қашықтықтан кіру құрылғылары ұсынылды. Сонымен бірге, қолма-өқол емес төлемдерді тиісінше мобильді телефондарды, планшеттерді және басқа жабдықтарды пайдалану арқылы Интернет немесе мобильді байланыс операторлар желісі арқылы жүзеге асыруға болады. 2011 жылдың ақпанында соның негізінде Ұлттық Банк электронды банк қызметтерді бойынша ақпаратты жинақтайтын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 29.03.2010 жылғы № 16 қаулысымен бекітілген электронды терминалдар және қашықтықтан кіру жүйелері арқылы жүзеге асырылған төлемдер мен ақша аударымдар жөніндегі мәліметті ұсыну ережелері күшіне енді.

ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2013 жылғы 1 қаңтар жай-күйі бойынша Алматы қ. бойынша банктерімен 4,1 млн. төлем карточкалары шығарылды, ал аталған карточкалар ұстаушыларының саын – 3,6 млн. адамды құрады (2012 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда – өсу тиісінше 161,1% бен 159,0%-ды құрады).

2013 жылғы 1 қаңтардағы Алматы қ. бойынша банкоматтар саны 104,9%-ға ұлғайды және жылдың басында 1625 нүктені (2012 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда – өсу тиісінше 104,9%-ды құрады және олардың саны аппараттардың республикалық санының 18,8 % құрады).

2013 жылғы 1 тамызда 2013 жылдың басымен салыстырғанда – төлем карточкаларының саны 125,0 %-ға ұлғайды және 5,1 млн. жетті, ал аталған карточка ұстаушыларының өсуі 120,4%-ды құрады, олардың жалпы саны – 4,4 млн. адам.

Ағымдағы жылдың басталысымен Алматы қаласындағы банкоматтар саны 6,3 есеге өсті және 2013 жылғы 1 тамызда 1728 нүктені құрады. Бұл аппараттардың республикалық санының 19,7% құрайды.

Алматының республикалық статистикадағы 2013 жылғы 1 тамыздағы төлем карточка нарығының басқа көрсеткіштері бойынша үлесі мынадай:

- карточка ұстаушыларының саны бойынша – 35,0% немесе 4388,7 мың адам;
- POS-терминалдар саны бойынша – 31,7% немесе 12432 дана;
- импринтерлер саны бойынша – 47,6% немесе 80 дана;
- сауда кәсіпорындары саны бойынша – 33,2% немесе 5989 бірлік;
- банкоматтар саны бойынша – 19,7% немесе 1728 дана;
- банк киоскілерінің саны бойынша – 22% немесе 548 дана;

2-кесте

Көрсеткіштер	01.01.2012		01.01.2013			01.08.2013		
	Саны	Респ.көлемдегі і Ұл.салмағы %	Саны	Респ.көлемдегі і Ұл.салмағы %	Өсу %	Саны	Респ.көлемдегі і Ұл.салмағы %	Өсу % 01.01.2013ж. қарай
Айналымдағы төлем карточкаларының саны (мың бірлік)	2529,5	26,4	4075,7	33,6	161,1	5098,2	36,4	125,0
Карточка ұстаушыларының саны (мың адам)	2291,6	25,9	3643,4	32,9	159,0	4388,7	35,0	120,4
POS – терминалдар саны (дана)	9715,0	34,0	10662,0	32,0	109,7	12432,0	31,7	116,6

Банкоматтар саны (дана)	1549,0	19,1	1625,0	18,8	104,9	1728,0	19,7	106,3
Сауда кәсіпорындар саны (бірлік)	3950,0	32,8	4654,0	32,8	117,8	5989,0	33,2	128,7
Импринтерлер саны (дана)	393	64,1	108	53,5	27,5	80,0	47,6	74
Банк киоскілерінің саны (дана)	120	8,4	299	17,8	249	548,0	22,0	183,3

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 3 қаңтардағы «Оларды Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырған кезде жеке кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар өз қызметтерін жүзеге асыратын орындарда төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдау үшін арналған жабдықты (құрылғы) орнатуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ төлем карточкаларын пайдаланып төлемді қабылдауға міндетті болатын қызметтің жеке түрлерін бекіту туралы» № 1743 қаулысына сәйкес жылдың басында POS-терминалдар мен банк киоскілерін орнатуға деген сұранысыты атап өткен жөн. Сондай-ақ төлем карточкаларын қолдану саласында маңызды өсуді күткен жөн.

Жалпы Алматы қ. бойынша электронды банк қызметтер нарығы өсуді көрсетті, ол оның үлкен функционалды мүмкіндіктерімен байланысты болып отыр.

Бүгін Алматы қ. төлем жүйелерінің тұрақты даму үрдісі байқалып отыр. Бұған көп дәрежеде Ұлттық Банк жүргізіп отырған банктерге клиенттермен олардың жеке қалауларына байланысты саралап жұмыс істеуге, қашықтықтан қызмет көрсету арқылы кез келген уақытта қанк қызметін қол жетімді етуге, шығасыларды барынша төмендетуге, қызмет көрсетуді жетілдіруге, ұсынылатын банк қызметтерінің сапасын жоғарылатуға, банк саласындағы бәсекелестікті күшейтуге мүмкіндік беретінт банктік қызмет көрсетуде төлем карточкалары мен алдыңғы технологияларды пайдалана отырып қолма – қол емес төлемді дамыту мен жетілдіру жөніндегі саясаты ықпал етті.

Қорыта келіп, Қазақстанның банк қызметі нарығында төлем карточкасы арқылы қашықтықтан банк қызметін көрсетудің дамыған желісі байқалатынын айтып кету керек. Қазақстандық нарықта карточкалардың көптеген түрлері ұсынылған. Эмитент-банктер көп клиент тартуға ұмтыла отырып, өзара белсенді бәсекелестікте. Бәсекелесті күрес нәтижесінде ұсынылатын қызме сапасы ұлғаяды, сондай-ақ бар өнімді жетілдіру, жаңаларды әзірлеу мен ендіру орын алады. Аталған мән-жай Қазақстанның электронды банк қызметтер нарығы дамуының қарқынды жолға өткендігіне куәлік береді, бұл сөзсіз жалпы экономиканың дамуы үшін жағымды сәт болып табылады.

Аймақтағы валюта рыногінің дамуындағы, айырбастау операцияларын ұйымдастыратын уәкілетті ұйымдардың рөлі

Ткачева Т.М., «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Ақтөбе филиалының валюталық операцияларды бақылау бөлімінің бастығы

Негізгі құрамы қаржы рыногі болып табылатын отандық аса тиімді экономиканың қалыптасуы қаржы рыногінің дамуынсыз мүмкін емес.

Соңғы жылдары Қазақстан республикасындағы валюта рыногі сұраныс пен ұсыныс негізінде валюталық құнды қағаздар мен валюталарды сатып алу-сату шоғырландырған қаржылық орталық болып табылуына орай, қарқынды үдеп назардан тыс қалмай келеді.

Функционалдық көзқараспен қарағанда, валюталық нарықтың рөлі валюталардың әр түрлі бағамдарының түрінде оның қатысушыларына халықаралық есеп айырысуларды уақтылы жүзеге асыруға, валюталық тәуекелдерден сақтандыруға, валюталық резервтерді әртараптандыруға, валюталық интервенцияға, пайда табуға бағытталған. Заңды көзқарас тұрғысында валюталық нарық банктер, валюталық биржалар және (оның ішінде уәкілетті ұйымдар) басқа қаржылық институттарының жиынтығы болып табылады.


Валюталарды сатып алу/сату бойынша мәміле биржалық және банкаралық валюталық нарықта және банктер сияқты, қызметінің айрықша түрі (уәкілетті ұйымдар) шетел валютасымен айырбастау операцияларды ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаларға берілген лицензия негізінде айырбастау пункттерімен жүзеге асырылады.

Банктер валюталық нарықтың негізгі қатысушылары болып табылады. Валюталық мәмілелердің 90%-на дейінгісі банктер аралығында және жеке клиенттермен жасалады. Банктер және уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінің қызметтеріне жеке тұлғалар, мысалы саяхатшылар, шетелде саяхаттаушылар, шет елде тұратын туысқандарынан түскен ақшалай аударымдарды алушы тұлғалар және шетел экономикасына капитал салатын жеке инвесторлар және тағы басқалар жүгінеді.

Біз білетіндей, қолданыстағы заңдылыққа сәйкес Қазақстан Республикасында шетел валютасын сатуды және сатып алуды резиденттер мен резидент еместер тек қана уәкілетті банктер, олардың айырбастау пункттері, сондай-ақ уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері арқылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен жүргізеді.

Егер біздің облысты алатын болсақ, аймақтың валюта рыногі банк (23 банкінің филиалы) және уәкілетті ұйымдар (14, оның ішінде 1 филиал) сияқты субъектілермен ұсынылған. Облыс банкілерінде 130 (90,3%), ал уәкілетті ұйымдарда 14 (9,7%) айырбастау пункттері бар. Уәкілетті ұйымдарды қоса алғандағы айырбастау пункттердің негізгі бөлігі (125 немесе 86,8%) облыс орталығында орналасқан.

2003 - 2013 жж. айырбастау пункттерінің саны




Жалпы облыс көлемінде айырбастау пункттерінің саны жылма жыл көбейіп келе жатыр. Олардың өсуі негізінен банктік айырбастау пункттер жүйесінің дамуына байланысты, дегенмен уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінің саны 2005 жылдан бастап біртіндеп азайып келеді және бұрынғыдай рынок сегментінің елеусіз бөлігін– шамамен жалпы қызметтегі айырбастау пункттерінің 10% құрайды.

Қазақстан Республикасында айырбастау пункттері арқылы қолма-қол шетелдік валюталармен операциялар тәртібін ұйымдастыру, жүргізу, шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бойынша қызметке қойылатын талаптар, сондай-ақ айырбастау пункттерін тіркеу (ашу) «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы», «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарымен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы № 106 қаулысымен бекітілген ҚР қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру ережесінде анықталған.

Уәкілетті ұйымдардың қызметі, банкілердікі сияқты, шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде жүргізіледі және олардың қаржылық капиталы ақшалай түрде айырбастау пунктінің санын есепке ала отырып, Ұлттық Банкі белгілеген қаржы қорын құрудың ең аз мөлшерінен төмен болмауы керек.

Ақтөбе облысындағы ең алғашқы уәкілетті ұйым 1996 жылы құрылған және сандық динамикалары 2004 жылға дейін белсенді өсті. Соңғы 10 жылда банктермен бәсекелестік жағдайда уәкілетті ұйымдардың саны елеулі өзгерген жоқ. Бәсекелестікке шыдамаған ұйымдар нарықтан өз еркімен кетіп отырды, ал олардың орнына жаңасы келді, сонымен, 2014 жылғы қаңтардың 1-дегі жағдай бойынша олардың саны 13 құрады. Бұл құбылыс барлық көрсетілген мерзім бойы байқалды және 2013 жылдың аяғында қолма-қол шетел валютасымен операцияларды ұйымдастыру бойынша қолданыстағы лицензиялар саны 13 құрады.

2003 - 2013 жылдары қолма - қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген қолданыстағы лицензиялардың саны




Ақпарат көзі: ҚРҰБ филиалының деректер

Айырбастау пункттерінің қолма-қол шетел валютасын халықтан сатып алу көлемі бойынша ақпараттарды талдау банктердің айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін АҚШ долларын сатып алу операциясы жалпы айналымның 76% -дан жоғары екендігін көрсетеді.

Сонымен, 2013 жылдың 11 айында АҚШ долларын сатып алудың жалпы көлемі 122,2 млн. АҚШ долларын құрады, оның ішінде уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері арқылы - 29,7млн.доллар немесе 24,3%. Салыстырма түрінде: 2012 жылдың ұқсас мерзімінде АҚШ долларын сатып алудың жалпы көлемі 126,4 млн. АҚШ долларын құрады, оның ішінде уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері арқылы 26,0 млн. АҚШ доллары немесе 20,5%.

Айырбастау пункттерінің шетел валютасын сатып алу көлемі




Уәкілетті ұйымдардың колма-кол еуро және ресей рублі операциясы бойынша белсенділік одан да жоғары. Еуроны сатып алудың жалпы көлемі 6,6 млн. Еуро құрады, оның ішінде уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері арқылы – 3,2 млн. немесе 49,1% (2012 жылы – 25,2%).

Халықтан ресей рублін сатып алу көлемі жалпы облыс бойынша 984,3 млн. құрады, оның ішінде 45% уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінің үлесіне келеді (2012 жылы – 35,8%).

Аймақтағы айырбастау пункттерінің шетел валютасын сату көлемі төмендегідей сипатталады.

Айырбастау пункттерінің шетел валютасын сату көлемі



Көрсетілгендей, АҚШ долларын сатудың жалпы көлемі 533,5 млн. АҚШ долларын құрады, оның ішінде уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері арқылы – 5,6 млн. (үлесі – 5,6%, 2012 жылы – 4,3%).

Еуро және ресей рублі бойынша да сол сияқты. Уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінің үлесі сәйкесінше 9,6% құрады (2012 жылы – 7,6%) және 19,7% (2012 жылы – 15,4%).

Уәкілетті ұйымдардың валютаны сату үлесі төмен болсада осы айырбастау пункттері қызметінің жағымды жағы болып кезектің болмауы, клиенттерге жылдам қызмет көрсетуі, валютаны сатып алу және сату курсы аралығының ең аз мөлшері және жұмыс уақытының тиімділігі (21 сағатқа дейін, тәулік бойы, сондай-ақ демалыс және мереке күндері) табылады.

Сонымен, уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінің жұмыс уақытының тиімділігіне байланысты халық тәуліктің кез келген сағатында осы қызмет түрі бойынша өздерінің қажеттілігін қанағаттандыра алады.

Алайда, келтірілген талдаулар бойынша уәкілетті ұйымдардың халықтан шетел валютасын сатып алу үлесі сатып алудың барлық көлемінің елеулі бөлігі екендігін, сонымен қатар, халыққа валютаны сату көлемі соншалық көп еместігін көрсетеді. Өйткені, халық қолма-қол шетел валютасын сатып аларда банктердің айырбастау пункттеріне көбірек жүгінеді, яғни, сол арқылы оларға сенімділікті көбірек білдіреді.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндеп келе, халыққа шетел валютасын сату көлемінің азын-аулақтығына қарамастан, уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері рыноктің белсенді қатысушылары болып табылады және халық халық олардың қызметіне жүгінеді, сондықтан уәкілетті ұйымдардың облыстағы валюта рыногінің дамуындағы ролі зор.

Сондай-ақ, уәкілетті ұйымдардың қызметінен қаржылық жағдайы, өтімділігі және оның қызметінің басқа көрсеткіштері жалпы қоғам үшін қызығушылық тудырмайды, сәйкесінше, уәкілетті ұйымдардың бірі банкротқа ұшыраған жағдайда олардың қызметі тұтынушылардың мүдделеріне ешбір қысым келтірмейді.

Нақты сектор: азық-түлік өндіру саласындағы жобалар бойынша шолу

Е.О. Аханов - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Батыс Қазақстан филиалының экономикалық талдау және статистика бөлімінің бас маман - экономисі

Елімізде баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылатын Ұлттық Банктің негізгі мақсатын жүзеге асыру үшін облыстарда аумақтық филиалдар ай сайын негізгі тұтыну тауарлары бағаларына мониторинг жүргізеді. Біздің филиал осы мониторингтің қорытындылары бойынша және мемлекеттік органдардың ақпараты, статистикалық деректер, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары негізінде бағалардың өзгеруіне салыстырма талдау, өңірдегі инфляция деңгейіне белгілі факторлардың әсері бойынша талдау жасайды.

Өткізілетін бағалар мониторингі және сонымен қоса түсетін облыс нарығының азық-түлік тауарларымен жеткілікті көлемде қамтылуы туралы ақпарат азық-түліктің едәуір көлемінің облыста өндірілмейтінін немесе аз көлемде шығарылатынын, соған байланысты өнімнің жетіспейтін көлемі еліміздің басқа өңірлерінен немесе басқа елдерден әкелінетінін көрсетеді. Мысалы, қыс мезгілінде базарлар мен дүкендерде сатылатын алманың барша көлемі шет елдерден – Польша, Молдавия, Ресейден әкелінген. Қиярлар мен қызанақтар Өзбекстаннан импортталған. Облыста сатылатын тауық еті, екі жергілікті құс фабрикасы өндіретін еттің азғантай көлемінен басқа, шет елдерде – Украина мен Ресейде шығарылған. Облыс нарығында сүт пен сүт өнімдерінің мол ассортименті бар, бірақ олардың көп көлемі еліміздің басқа облыстары, сондай-ақ Беларусь пен Ресейден жеткізілген. Біздің облысымызда өндірілмейтін қант пен күріш толық көлемде өзге өңірлерден әкелінеді. Бірнеше жыл бұрын күнбағыс майының барлық мөлшері облысқа басқа жерлерден жеткізілетін болатын, бірақ бүгінгі күнде де жергілікті өндірушінің бар екенін ескергеннің өзінде, бұл тауардың зор көлемі елдің басқа аумақтары мен Ресейден әкелінеді.

Сонымен, қазіргі күнде аумағымыздың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, импортталатын азық-түлік тауарларының орнын жергілікті өндірушілердің қолжетімді бағамен сатылатын өнімдерімен толтыру, көкөністің бағасының өсуіне маусым сайын қайталанатын факторлардың әсерін азайту мәселелері мемлекеттік органдар үшін өте маңызды болып табылады.

Біздің ойымызша мемлекет тарапынан осы мәселелерді шешуде келесі шаралардың орындалуы міндетті:

облыстың азық-түлік өндірісі мен агроөнеркәсіп кешені дамуының басым бағыттарын анықтауда мемлекеттік органдардың көрегендігі;

субсидия, дотация беру, бизнестің инфрақұрылымын дамыту, жермен, өндіріс орындарымен басымды түрде және жеңілдік беру арқылы қамтамасыз ету арқылы бизнесмендерге қолдау көрсетуге дайын болу және соған мүмкіндіктердің болуы;

өндірісті ұйымдастырудың тиімді формалары мен тәсілдері, қазіргі кезде пайдаланатын және инновациялық технологияларды қолдану үшін ғылым мен бизнес ынтымақтастығының дамуына жағдай жасау;

кәсіпкерлердің басқа аумақтардың және шет елдердің бизнесмендерімен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау, азық-түлікпен қамтамасыз ету саласын дамытудағы дүниежүзілік тәжірибеге талдау жасау және жергілікті жағдайға сай келетін шешімдер мен бағыттарды қолдану.

Соңғы жылдарда іске енгізілген инвестициялық жобалар мемлекет пен жеке кәсіпкерлік серіктестігі шындығының айғағы.

Бизнестің мемлекет қолдауымен іске асырған облыстың агроөнеркәсіп кешеніндегі ең ірі инвестициялық жобаларға Теректі ауданының Пойма ауылындағы «Батыс күнбағыс» АҚ - өсімдік майын өндіру зауыты, Зеленов ауданының Белес ауылындағы «Белес-Агро» ЖШС –

диірмен кешені, сол ауданның Янайкино ауылындағы «Сtown Батыс» ЖШС – 8640 бас ірі қара малын семіртуге арналған заманауи кешенін жатқызуға болады. Бұл жобалардың маңыздылығы күмәнсіз, солардың арқасында өнімін экспортқа шығаруға бағыттаған ет өндірісін дамыту және Орал қаласы тұрғындарын сапалы етпен қамтамасыз етуге мүмкіндік жасалды, облыстың өсімдік майын шеттен тасымалдайтын ұйымдардан тәуелдігі азайтылды, үн өндіру саласы кәсіпорындары арасында бәсекелестік кеңейді – бұл үн өнімдерінің сапасын жоғары деңгейде ұстауға, тұтынушылардың таңдауының кеңеюіне мүмкіндік берді.

Нақты сектордың іскерлік белсенділігі мониторингі қазіргі кезде де ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және азық-түлік өндірісі салаларында халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесін шешуде едәуір әсер ететін жаңа жобалардың іске енгізіліп жатқанын көрсетеді.

Өсімдік шаруашылығы

«Урал-лес» ШҚ Щапово ауылында жеміс-жидек бағын қайта қалпына келтіру жобасын іске асыруда.

2013 жылы Орал қаласында «WestKazInvest-2013» халықаралық бизнес-форум өткізілді. Форумда 12 меморандумға қол қойылды. Соның ішінде Ресейдің картоп өндірушілері одағы мен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы арасындағы меморандум бар. Сондай-ақ, «КазагроФинанс», «Moongrass» ЖШС және облыс әкімдігі арасында қияр мен қызанақ өсіретін, алаңы 8 гектар жылыжай кешенін салуға меморандумға қол қойылды. Қол қойылған меморандумдардың жалпы бюджеті шамамен 170 миллион АҚШ долларын құрады.

Мал шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу

Ақсай нан өнімдері комбинаты 8,5 мың бас малға арналған шошқа өсіру кешенін, заманауи техникамен жабдықталған мал сою пунктін және құрама жем шығаратын зауыт салды.

«Щапово» ШҚ 504 мегежін өсіруге есептелген шошқа фермасын іске қосты. Бұл жоба облыстағы ет өңдейтін кәсіпорындарды етпен қамтамасыз ету үшін торайларды өсіріп, семіртуді көздейді. Ферма жылына 900 тонна шошқа етін нарыққа шығара алады.

«Жайық-Ет» ЖШС қуаты бір ауысымда 10 тонна өнім шығаратын шұжық фабрикасын салу жобасын іске енгізді. Осы жобаның концепциясы Еуропада дайындалғандықтан, ол барлық еуропалық нормалар мен стандарттарға сай келеді. Кәсіпорын тек қана Батыс Қазақстан облысы нарығын қамтып қоймай, өз өнімін Ақтөбе облысы, Атырау, Ақтау, Астана қалаларында да сатуда. Қазіргі таңда фабрика шұжық пен деликатестердің 55 түрін шығарады. Кәсіпорынның алдағы уақыттағы жоспарында 12 мың бас мал өсіруге арналған мал семірту кешенін салу болып отыр.

«Жайық құс» ЖШС Зеленов ауданының Кушум ауылында өнімділігі жылына 6,2 мың тонна құс етін өндіретін құс фабрикасын салуды жоспарлап отыр. Қазіргі таңда қаражат бөлініп, құрылысқа дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жоба іске енгізілісімен облысымызға Ресей мен Украинадан әкелінетін тауық етінің 50 пайыздан астам көлемі қысқарады деп жоспарлануда. Болашақ кешен инкубатордан бастап сою цехымен аяқталатын толық технологиялық циклмен ерекшеленеді. Бұл құс фабрикасы тек қана ет өнімін шығаратын болады, бұлар: тауықтың салқындалатын тұтас еті, сан еті, төстері және консервленген құс еті. Сондай-ақ осы кешенде өндіріс қалдықтары өңделіп, комбикорм шығарылатын болады.

«Кублей» ЖШС ауысымына 10 тонна салқындалатын ет шығаратын қасапхана салуда. Бұл жобада малды заманауи технология бойынша сою, малдың етін, терісін және ішек-қарынын бастапқыда өңдеу қарастырылған. Осы жоба іске енгізілгенде кәсіпорынның ет өңдейтін линиясының шет елдерден әкелінетін еттен тәуелділігі төмендейді.

«Батыс Марка Ламб» ЖШС халықаралық стандарттарға сай келетін, вакуумдық орауышқа салынған салқындалатын қозы етін өндіретін заманауи ет өңдеу зауытын салумен айналысуда. Жылына 5 мың тонна қозы етін бастапқыда еліміздің ішкі нарығына, бара келе экспортқа шығару жоспарланып отыр. Кәсіпорын Италияның «Ровани» компаниясының

қазіргі заманның талабына сай келетін құрал-жабдығымен жасақталатын болады, оның ерекшелігі етті қалдықсыз өңдеу және орауышпен қаптау мүмкіндігінде. Тұйық циклмен ерекшеленетін болашақ өндірісте негізгі ет өнімін шығарудан басқа ет пен сүйек қалдықтарынан жасалған ұн, техникалық май және әрі қарай өндірісте қолдану үшін қозының терісін өңдеп шығару көзделіп отыр. Сонымен қатар, осы кешен бойынша жылқы етін өңдеуге арналған екінші линияны орнату мүмкіндігі қарастырылған.

Орал қаласындағы «Ел ырысы» коммуналдық базарында қасапхана салынып, іске енгізілді. Бұл жоба малды санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерді сақтай отырып союға мүмкіндік берді.

Бөрлі ауданында орналасқан «Премиум Фуд» ЖШС қуаты тәулігіне 3 тонна өнім шығаратын шұжық цехын іске қосты.

Ауыл шаруашылығы өнімін сақтау

«Кублей» ЖШС сыйымдылығы 1 мың тоннадан астам көкөніс сақтауға арналған жоғарғы технологиялық қойманы жұмысқа қосты.

«ОралАгроСервис» ЖШС сыйымдылығы 1,6 мың тонна құрайтын заманауи көкөніс қоймасының 1 кезегін аяқтады.

Нан және кондитерлік өнімдер өндірісі

2010-2011 жылдар ішінде «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде нан, нан өнімдері және кондитерлік өнімдерді шығаруға бағытталған 6 жоба кредиттің пайыздық мөлшерлемесін субсидиялауға мемлекет тарапынан мақұлдама алды, соның ішінде 3 жоба жеке тұлғалардың инициативасы болып табылады.

Жоғарыда аталған жобалар облыстың азық-түлік өндірісі мен агроөнеркәсіп кешенінің даму потенциалының бар екенін көрсетеді. Бірақ жобалардың негізінен ет, көкөніс, нан және кондитерлік өнімдер өндіру бойынша санаулы салаларда іске асырылып жатқанын байқауға болады. Қазіргі таңда сиыр сүтін өңдеу, қышқыл сүт өнімдерін, ірімшік, май, майонез өндіру бағытында жобалар жоқ. Облыста жеміс-жидек, көкөністі өңдеу шамалы дамыған. Жергілікті дүкендерде мұздатылған, кептірілген, консервіленген жемістер мен көкөністің, шырындар мен маринадтардың сан алуан түрлері сатылады, бірақ біздің өкінішімізге орай олардың көптен-көп көлемі шеттен жеткізілген өнімдер. «Кублей» ЖШС консервіленген жасыл бұршақ, жүгеріні шығарғанымен, шикізат шет елдерден сатып алынады. Жергілікті өңдеу өндірісінің бар екенін ескере келе ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер болашақта көкөніс өсіру көлемін көбейтеді деген үміттеміз.


Осының бәрін қорытындылай келе, азық-түлік өндірісінің дамуында жетіспеушіліктердің бар болуына қарамастан іске асырылып жатқан жоғарыда аталған бизнес-жобалар өңдеу өндірістерін жергілікті жағдайда ұйымдастыруға мүмкіндіктердің барын көрсететінін айтқымыз келеді. Азық-түлік құны өсуінің дүниежүзілік трендін, азық-түлікке деген сұраныстың әрдайым болатынын ескере келе халықты жергілікті азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі мемлекет үшін әрқашанда өзекті болады. Осыған орай мемлекеттік институттардың азық-түлік өнеркәсібін дамыту жолындағы шараларды жоспарлау және оларды жүзеге асыру бойынша жұмысы қазіргі кезде және алдағы уақытта өндіріспен айналысатын тұлғалар үшін экономиканың осы бағытын дамытуға тиімділік тұрғыдан қызық болатындай етіп жүргізілуі керек деп санаймыз.

Алматы облысындағы қолма-қолсыз төлем жүйесінің дамуы

Тулесова А.Б.- «ҚР Ұлттық Банкі» РММ Алматы облыстық филиалының экономикалық талдау және статистика бөлімінің бастығы

2012 жылғы 21 маусымдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1743 «Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыру кезінде дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар өз қызметін жүзеге асыратын жерлерде төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға арналған жабдық (қондырғы) орнатуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға міндетті жекелеген қызмет түрлерін бекіту туралы» Қаулысын қабылдауға байланысты (бұдан әрі- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы) Алматы облысының қолма-қолсыз төлем жүйесінің даму барысы өзгерді.

2013 жылғы 1 желтоқсан жағдайы бойынша Алматы облысында 17 970 заңды тұлғалар тіркелді, 9 446 кәсіпорын жұмыс істеуде, сонымен қатар 124 693 жеке кәсіпорын тіркелді. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Басқармасының қаулысына қатысты жұмыс істеп тұрған 26 214 жеке кәсіпорындар мен заңды тұлғаларға ҚР салық заңнамасына сәйкес ортақ белгіленген салық режимі қолданылады.



Диаграммада көрсетілгендей, Алматы облысында 2013 жылдың 10 ай ішінде төлем карточкаларын ұстаушылар қатары артса, сауда орындары да көбейді. 2013 жыл басында

орнатылған POS-терминалдар саны көбейіп, 2013 жылдың 1 қараша жайындағы 1240 дана болды.

Алматы облысы – Қазақстанның ірі аграрлық өңірлерінің бірі болып табылады, 1979,3 мың адам тұрғыны бар, оның ішінде ауылды мекенде тұратындары 1 519,6 мың адам немесе 77% құрайды. Облыс орталығы – Талдықорған қаласында халық саны 158 мың адамды ғана құрады. Сол себепті де Алматы облысында қолма-қолсыз төлем жүйесі өте баяу дамуда. Тұрғындар қолма-қол ақшадан ажырай алмай отыр, басым көпшілігі қазіргі заманның жаңа талаптарына бейімделгісі келмейді, электрондық төлем жүйесін оқып зерделемейді.

Осыған орай, қолма-қолсыз төлем жасау кезінде төлем карточкаларының артықшылығы мен қолайлығы туралы түсіндірме жұмыстарды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халық арасында жүргізу қажет болды, бұндай іс-шараны жүзеге асыру филиалдың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Алматы облысы Әкімінің сайтында төлем карточкаларының қолайлығы туралы ақпаратты бірнеше рет орналастырдық.

Өткен жылдың қаңтар айында Салық комитеті департаментінің, екінші деңгейдегі банктер филиалдарының, облыс Прокуратурасының өкілдері Алматы облыстық кәсіпкерлер ассоциациясымен бірлескен кездесу өткізді, онда облыс кәсіпкерлері ҚР Үкіметінің Қаулысымен танысты.

2013 жыл ішінде филиал мамандары мен коммерциялық банктердің өкілдері ҚР Үкіметінің Қаулысына сәйкес кәсіпкерлік субъектілерге POS-терминалдарды орнату қажеттілігін түсіндіру бойынша Алматы облысы мен Талдықорған қаласы Әкімдігі, Алматы облысы мен Талдықорған қаласының Салық комитеті өткізген кеңестерге қатысып отырды.

Қазіргі таңда коммерциялық банктер POS-терминалдарды банк және сауда кәсіпорын арасында жасалған тиісті шарт негізінде орнатады. Банк бұл жабдықты кәсіпорынның сауда айналымын ескере отырып, өтеусіз негізде орнатады. Коммерциялық банктерде өтеусіз орнату талабына сай POS-терминал бойынша айлық ең төменгі айналым сомасы 250 000 теңгеден 3000 000 теңгеге дейін болу қажет. Айлық айналым сомасының шамасы 50 000 теңгеге дейінгі шағын кәсіпкерлік субъектілердің жоғарыда аталған сомаға қол жеткізу мүмкіндігі жоқ. Әрине, төлем карточкаларына арналған сертификатталған қондырғыны тиісті жеткізушілерден жеке сатып та алуға болады. Бірақ құны 50 000–нан 100000–ға дейінгі POS-терминалды орнату оңай іс емес. 2013 жылғы 5 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына «Салық салу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнама актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына байланысты төлем карточкаларын пайдалану арқылы төлемді қабылдауға арналған қондырғыны өз қызметінің орнында орналастыруды қамтамасыз етуге міндетті тұлғалар үшін қондырғыны орнату мерзімі 2014 жылғы 1 шілдеге дейін ұзартылды.

Қорытындылай отырып, облыстағы барлық ірі сауда орындарында, авто жанармай құятын орындарда, қонақ үйлерде, мейрамханаларда әртүрлі банктердің бір емес, бірнеше POS-терминалдары орнатылған болса, қолма-қол ақшадан бас тарта алмай отырған шағын жеке кәсіпкерлер үшін қымбат қондырғыны орнату мәселесі қалып тұр. Ал қазіргі уақытта «Қазақстан Халық Банкі» АҚ мен «Казкоммерцбанк» АҚ арасында POS-терминалдарға балама түрінде мобильді қондырғылар (mPos-терминал) орнатылуда. MPOS-терминалдар – Android, iOS (iPhone) платформаларында смартфондармен бірлесіп жұмыс істейтін шағын терминалдар. Шағын кәсіпкерлік субъектілерге осындай мобильді байланысы бар смартфондар, карт-ридер және оның жұмыс істеуіне арналған арнайы қосымшасы болғаны жеткілікті болар еді. Олардың бағасы 7 500 теңге - 10 000 теңге аралығында.

Қазіргі кезде жас ұрпақ қызмет көрсету төлемін жасау үшін интернет пен мобильді телефондарды, сондай-ақ есеп айырысу кезінде пластикалық карточкаларды да белсенді қолдануда. Уақыт өте келе, Алматы облысында да, Қазақстан аумағында да бұл мәселе тез шешімін тауып, ақша айналымы қолма-қол ақшасыз салада дамиды деген ойдамыз.

«Пайдаланылған әдебиеттер тізімі»

2012 жылғы 21 маусымдағы №19-V «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

2012 жылғы 21 маусымдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына «Салық салу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнама актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1743 «Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыру кезінде дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар өз қызметін жүзеге асыратын жерлерде төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға арналған жабдық (қондырғы) орнатуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға міндетті жекелеген қызмет түрлерін бекіту туралы» Қаулысы;

«Төлем карточкалары» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми Интернет-қоры;

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің ресми Интернет-қоры.

Аймақтағы қолма-қол ақша айналысы

Сәдуақасова Г.Е. – ҚР Ұлттық Банкі РММ Алматы облыстық филиалының қолма-қол ақшамен жұмыс және кассалық операциялар бөлімінің бастығы

Алматы облысы филиалының негізгі қызмет бағыттарының бірі - қолма –қол ақша айналымын жүйелі реттеу, эмиссиалық-кассалық операциялар жүргізу, сондай-ақ облыс экономикасы қажеттілігін толығымен уақтылы қолма-қол ақшамен қамтамасыз ету.

Қолма –қол ақша айналымын жүйелі реттеу және Алматы облысының экономикасы талаптарын орындау мақсатында облысты қолма-қол ақшамен үздіксіз қамтамасыз ету үшін филиал аймақтағы қолма-қол ақшаның жай-күйін қадағалап, резервтік қордың тиісті дәрежеде сақталып және эмиссиалық-кассалық операцияларды ұйымдастыру жұмыстарын атқарады. Айналымдағы банкноттардың ескіріп тозу дәрежесін қадағалап, шынайылығына күмән келтірген ұлттық валютаға сараптама жасап, екінші деңгейдегі банктерден келіп түскен банкноттар мен монеталарды сұрыптауды, уақытында қайта санауды, қалыптастыруды және орауды қамтамасыз етеді.

Алматы облыстық филиалы екінші деңгейдегі банктер, Қазпочта АҚ өз кассаларына клиенттерінен келіп түсетін ақша көлемімен облыс тұрғындарын толық қамтамасыз ете алмайтындықтан, оларды қосымша ақша көлемімен қамтамасыз етіп отырады.

Филиал өз қызметін 2001 жылы бастағаннан бері эмиссия көлемі бірнеше рет ұлғайды. Сонымен қатар айта кететін болса, бұрынырақта халықтың ақшалай табыс деңгейі төмен, төлемдер жүйесі тұрақсыз, ал саудадағы орташа сатып алу есебі мардымсыз болған. Ал қазіргі таңда эмиссия көлемі шаруашылық субъектілердің қолма-қол ақшаға сұранысының артуы облыс экономикасының біртіндеп тұрақты дамуының кепілі болып табылады.

Өткен жылдардағы облыстағы экономикалық дамуының кейінгі жылдарда жалғасын тапқан оң үрдістері, экономиканың нақты секторындағы жандануы облыстық ақша айналымы көрсеткішінің ұлғаюына ықпал етті.

Есепті жылы резервтік қордан қолма-қол ақша айналысына 128,3 млрд. теңге шығарылды, ал айналыстан алынған 25,0 млрд. теңге. Эмиссиялық қорытынды оңды көрсеткіш көрсетіп, (+) 103,3 млрд.теңгені құрады, өткен жылмен салыстырғанда 3,2 %-ке жоғары (100,1 млрд. теңге).

Есепті кезеңдегі эмиссиялық көрсеткіштердің өзгеруін талдау барысында өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда, мынадай қорытынды шығады: ақпанда - 17,7%-ке, наурызда – 13,5%-ке, мамырда – 30,3%-ке өскені байқалды.

Жалпы алғанда, қолма-қол ақша қажеттілігінің өсу көрсеткіші оңтайлы сипат көрсетуде. Бұл көрсеткішке қолма-қол ақшамен еңбекақы және зейнетақы алу операциялары ықпал етеді, сондай-ақ тауар мен қызмет көрсетулерге есеп айырысулар бойынша экономикасы дамыған елдерге ақшаның аууына да әсер етеді.

Филиал кассасына екінші деңгейдегі банктерден түскен ақша белгіленген мерзімде міндетті түрде толық қайта саналады. 2013 жылы екінші деңгейдегі банктер филиалдарынан филиал кассасына қабылданған ақшаны қайта санау және іріктеу сапасын талдау барысында 25 кассалық жаңсақтық жайы тіркелді, ол былтырғы жылмен салыстырғанда 12 жағдайға артық. Оның 9 жағдайында жасанды банкноттар анықталып сараптама жасалды. Осы деректер жайында жергілікті құқық қорғау органдарына хабарланды.

Есепті кезеңде филиал ҚР Ұлттық Банктің қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес 57 күдікті ақша белгілері бойынша сараптама жұмысын жүргізілді (2012 жылы–57). Сараптамаға түскендері: 1994 жылғы үлгідегі номиналы 1000 теңгелік банкнот–47 парақ, 1996 жылғы үлгідегі номиналы 2000 теңгелік банкнот –10 парақ. Сараптама нәтижесінде барлық ақша белгілері төлем жасауға жарамды болып танылып, ауыстырылды.

Филиал ескі дизайндағы банкноттарды айналыстан алу бойынша жұмыстарды жалғастыруда. 2013 жылы айналыстан алынған банкнот өткен жылға қарағанда 44%-ке артық.

Филиалда АҚ Қазпочта мен екінші деңгейдегі банктердің 15 филиалына есеп-айырысу кассалық қызметі көрсетіледі. Облыстағы айналысқа шығарылған эмиссия көлемі басым болғандықтан филиал екінші деңгейдегі банк кассалары арқылы өтетін ақша ауқымын үнемі бақылап, талдау жүргізіп отырады.

Екінші деңгейдегі банктер жалпы сомасы 129,0 млрд. теңге ақшамен жабдықталды, өткен жылға қарағанда 7 %-ке артық көрсеткішті көрсетті.

Ауқымды түрде ақшамен жабдықталғандар: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ аймақтық филиалы – 53 %, «Қазпочта» АҚ – 29 % құрады. Бұл жерде тоқтала кетсек, сандық көлемі жағынан жоғары және орта номиналды банкноттар айналысқа көбірек шығарылды.

Есепті 2013 жылы ішінде облыстық филиалдың айналым кассасына екінші деңгейдегі банктер мен «Қазпочта» АҚ филиалдары 25,1 млрд.теңге сомасында операциялық кассасының қалдығын өткізді. Ақша өткізген банктер үлесі «Kaspi Bank» - 25 %, «Қазкоммерцбанк» АҚ – 16 %, «АТФ Банк» АҚ АОФ -13 %.

Филиал кассасына банкнот қайтару коэффициенті 19,5 % құрады, өткен жылғы көрсеткішімен салыстырғанда 2,9 %-ға кем, негізінен номиналы 200, 500 және 1000 теңгелік банкноттар қайтарылды.

Талдау жасалған уақыт аралығында (2013 жылдың 9 айы) банктердің кассалық айналымы аса көп ауытқусыз өзгеріп отырды, шығыс бөлігі бойынша 60,1 млрд.теңге мен 75,2 млрд.теңге аралығында, ал кіріс бөлігі бойынша 48,9 млрд.теңге мен 60,8 млрд.теңге арасында.

Кассадан берілген ақша көлемі кассаға келіп түскен ақша ауқымынан басым. Ақша шығысы кіріске қарағанда артық болып отыр, мысалы ақшаның банктер кассасына қайтару коэффициенті 78 % құрады, ол қомақты қаржының банк жүйесінен тыс айналыста қалып қоятынын көрсетеді. Кірістер тауар сату, жұмыстар мен қызмет көрсетулер, депозиттер түсімі, валюта сатып алу баптарынан құралса, шығыстар тауар сатып алу, жұмыс, қызмет көрсету, кредит беру, валюта сатып алудан құралады.

Банктер төлем карточкаларын пайдаланып, қаржылық қызмет көрсету сегментін жетілдіріп дамытуда. Банктердің төлем карточкаларын белсене іске қосулары банкноматтарды ақшамен барысында қаржының өсуінен байқалады, өйткені карточканы пайдалана отырып карт-шоттарындағы соманы шешіп алады, сонымен қатар түрлі төлемдер төленуі сирек кездеседі. Терминалдар арқылы сауда орталықтарында төлем немесе коммуналдық төлемдердің сирек болу себебі қолдану кезіндегі белгіленген өтемақы немесе тарифтің жоғары болуына байланысты.

Соңғы мәліметтер бойынша 2013 жылғы 1 желтоқсанда Алматы облысы бойынша 515,6 мың дана төлем карточкалары дайындап шығарылған, оның ішінде карточка ұстаушылар 485,0 мың адам болса, 286,9 мың дана төлем карточкалары қолданылып жүр. Бұл көрсеткіш 2012 жылғы 1 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда айналысқа шыққан төлем карточкалары 19,0%-ке, карточка ұстаушылар 27,0 %-ке және қолданылған төлем карточкалары 15,2 %-ке өскен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің негізгі қызметі болып табылатын ақша айналысын реттеу саласында ҚРҰБ РММ Алматы облыстық филиалы ұлттық валютамен облыс мекемелерін, шаруашылық субъектілерін және тұрғындарды толықтай, уақтылы қамтамасыз етіп отыр.

«Пайдаланылған әдебиеттер тізімі»

2013 жылғы ҚРҰБ филиалдары эмиссия операцияларына, екінші деңгейдегі банктердің касса айналымдарына және басқа да ақша айналым көрсеткіштеріне шолу.

Ғаламтор-қорындағы Ұлттық Банктің сайты.

Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы

Аккенжина А.М. – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Ақтөбе филиалы экономикалық талдау және статистика бөлімінің бас маман-экономисі

Қазіргі Ақтөбе Қазақстан Республикасының экономикалық зор әлеуеті және мәдениеті бар, өркендеп келе жатқан орталықтардың бірі болып табылады. Жаңадан өндіріс орындарының ашылуы және жұмыс жасап тұрған өндіріс орындарының ұлғаюы шағын және орта бизнестің және жеке еңбек қызметінің дамуы, аймақтың экономикалық өсуіне мүмкіндік туғызды. Тұрғындардың денсаулығына, білім сапасына, жол жағдайын жақсартуға, экологияға, ауыл тіршілігіне, сонымен қатар облыстағы басым бағыттарының бірі болып табылатын бағаның өсуіне жол бермеуге ерекше көңіл бөлінеді.

Ақтөбе облысы географиялық қолайлы орынға ие. Облыстың бірегей экономикалық–географиялық қолайлылығы индустриалды кешендердің, құрылыс индустриаларының, сауда және көлік секілді қызмет көрсету құрылымдарының дамуына әсер етті.

Облыс Қазақстанның дамыған ірі өнеркәсіптік аймақтарының бірі болып, сонымен қатар тау-кең металлургиясының, химияның, мұнай өнеркәсібінің және аспап жасаудың қуатты базасы болып саналады.

Жетекші өнеркәсіптік инвесторларды облысқа тарту өнеркәсіптік әлеуетті арттыруға мүмкіндік берді. Жалпы өңірлік өнім көлемі бір жарым триллион межеден асып түсті. Статистика Департаментінің мәліметтері бойынша кен өндіру өнеркәсібінің өнімі 2013 жылғы 9 айға 724,5 млрд. теңгені, өңдеу өнеркәсібі – 203,2 млрд. теңгені, электрмен қамтамасыз ету, көгілдір отын беру, бу жіберу және ауамен баптау – 49,3 млрд. теңгені, сумен қамтамасыз ету, канализациялық жүйе, қалдықтарды жинау және бөлуді бақылау – 8,8 млрд. теңгені құрады.

Облыстың индустриясындағы жетекші орын жоғары қарқынды өсу есебінен металлургия және мұнай өндіру өнеркәсібінде сақталған.

Ауыл шарушылығы өнімінің көлемі 113,8 млрд. теңгені құрады. 2013 жылы асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға, ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілердің өнімдерінің сапасы мен өнімділігін жақсарту үшін 2,6 млрд. теңге субсидия бөлінді.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі өткен жылдың ұқсас кезеңіне 306,0 млрд. теңгені, нақты көлем индексі – 103,1%-ды құрады. Негізгі капиталға инвестициялар көлемінің ең көбі өнеркәсіпте (75%) игерілді. Көтерме және бөлшек саудаға (2,3 есе), көлік және жинақтауға (1,7 есе), мемлекеттік басқармаға (1,5 есе) салынған инвестициялар елеулі өсті.

Экономика саласындағы басты басымдылықтардың бірі кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру, шағын және орта бизнестің тұғырын нығайту мен ұлғайту болып саналады. Белсенді субъектілер саны 32,9 мың бірлікті құраса, жұмыс жасайтындар саны 117,2 мың адамға жетті. Өндірілген өнім көлемі 290,0 млрд. теңгені құрады. Шағын және орта бизнес субъектілерінен бюджетке түскен төлемдер 80,0 млрд. теңгені құрады.

Күнделікті экономикалық тірлікте инфляция ең маңызды көрсеткіш болып табылады. Осы орайда ауылшаруашылық жәрменкелерін жүргізу, тауарларды өндірушілермен және жеткізушілермен меморандум жасау азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру мен ауыздықтаудағы ең маңызды құрал болып табылады және бұл тұрақты түрде жүргізіледі.


Облыста тұтынушылық нарықтағы бағалар ахуалын жүйелі түрде зерттеп отыратын және қажеттілік туындаған кезде бара-бар шаралар қабылдайтын өңірдегі бағаны тұрақтандыру жөніндегі штаб әрекет етуде. Осы штаб қалалық және облыстық әкімдіктермен, облыстың сауда кәсіпорындарымен тығыз жұмыс жүргізіп, бағаларға қатысты, өнімдерді өткізу, қызмет көрсету жөніндегі мәселелерді шешу бойынша бірлескен кеңестерді жиі өткізіп келеді. Азық – түлік өнімдеріне 10%-дан аспайтын саудалық үстеме қолдану және нан мен ұнға бағаны бірқалыпты ұстап тұру үшін ірі сауда орындарымен, негізгі жеткізушілермен және негізгі ұн өнімдерін өндірушілермен, наубайхана

кәсіпорындарымен қалалық әкімдіктің қол қойған меморандумы бар. Көкөністерге бағаны тұрақтандыру үшін «ІзетГринхаус» ЖШС, «ӘлемТағам» ЖШС, «Керемет -5» ӨК, «ҚурайлыАгро» ЖШС-нің жылы-жай кешендерінің жұмысы бағытталған. Қазіргі уақытта олардың қызанақтары мен қияр өнімдері Ақтөбе қаласында қол жетімді бағалармен сауда орындарында сатылуда. Негізгі ауылшаруашылық өнімдеріне маусымдық баға ауытқуын төмендету үшін облыста 288 облыстық және аудандық жәрмеңке өткізіліп, нарық бағасынан 10-15% төмен бағамен 424,0 млн. теңгеге өнім өткізілді, бұл - халықтың ағымдағы сұранысын елеулі түрде қанағаттандырады.

Өткен 5 жыл ішінде Ақтөбе облысы бойынша ең үлкен баға өсімі 2008 жыл қорытындысы бойынша белгіленді, яғни, тұтыну бағаларының индексі 108,2%-ды құрады, инфляцияның ең аз деңгейі 2013 жыл қорытындысы бойынша (104,7%) белгіленді. Алайда республикалық көрсеткішпен салыстырғанда 1,3% және 0,3 %-ға төмендеу бақыланды.

1-диаграмма

Тұтыну бағасының индексі және оның құрамы



Инфляцияны құраған ең елеулі бағаның көтерілуі ақылы қызметте – 8,7%-ға белгіленді, ол республикалық көрсеткіштен 0,7%-ға асып түсті. Азық-түлік тауарлары – 2,8%-ға, азық-түлік емес тауарлар – 2,5%-ға қымбаттады.

Бұл нәтиже маусымдық факторлардың әсерінен қалыптасты. Тұрғындарға қызмет көрсететін коммуналдық тұрғын үй шаруашылығы мекемелерінің қызметі облыс бойынша орташа алғанда 12,0%-ға, соның ішінде салқын су - 89,5%-ға, ыстық су – 11,9%-ға, орталық жылу – 12,9%-ға электр энергиясы – 0,1%-ға қымбаттады.

Оқу жылының басында оқушыларға арналған тауарлар 1,4-5%-ға дәстүрлі қымбаттады.

Еңбек демалысы кезіндегі сұранысты есепке ала отырып, шипажай және демалыс үйлерінің қызметтері 2,9%-ға өсті. Сондай-ақ мейрамханалар қызметтеріне – 1,5%, қонақүйлер қызметтеріне – 5,1% баға көтерілді. Сонымен қатар, байланыс қызметтері – 3,6 %, білім – 2,4%, денсаулық сақтау – 4,3% қымбаттады.

Ұлттық Банктің Ақтөбе филиалының мамандары тұрақты түрде өңір экономикасындағы инфляциялық үрдістерге мониторинг жүргізіп отырады.

Инфляцияны болжауда өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып, инфляцияға әсер еткен факторларды қарастырады: монополист-кәсіпорындар көрсететін қызметтерге бағалардың өзгеруі, тұрғындардың инфляциялық күтімдері, делдалдық, халықаралық нарықтар конъюктурасы, маусымдылық.

Жыл сайынғы бақылаулардан нарықтарды монополияландыру өңірде болатын инфляциялық процесстердің қарқындылығына қаншалықты күрт әсер ететінін көрсетеді.

Инфляция деңгейінің артуына ақылы қызметтерге бағаның өсуі көп үлес қосты. Бұл Ақтөбе облысының табиғи монополия субъектілерінің тарифтері өсу есебінен болды.

Өңірде табиғи монополия субъектілері санының көп болуы көптеген салаларда өнімге бағалардың тез және үздіксіз өсуіне әкеледі. Өйткені бір саланың өнімдерін басқалары шикізат және материалдар ретінде пайдалануы шығындарды көбейтеді, ақыр аяғында пайданы азайтып, өнімді бұрынғы баға деңгейінде жалғастыруды тиімсіз етеді.

Мәселен, ағымдағы жылдың басынан бастап Ақтөбе облысының ең ірі доминант-субъектілерінің бірі көрсететін электрмен жабдықтау қызметтеріне тариф өсті. Тарифтердің өсуіне электр станцияларында электр энергиясын сатып алу құнының өсуі негізгі себеп болған.

Сонымен бірге, 1 куб метр салқын су 89,5%-ға қымбаттады. Коммуналдық кәсіпорындардың басшылығы белгілегендей, тарифтер 2013-2015 жылдар аралығында өзгермейді. Тарифтердің өсуіне негізгі себеп – 2011-2012 жылдар аралығындағы тарифтердің бұрынғы деңгейінің қолданылу мерзімінің өтуі.

Жыл басында жылу энергиясын өндіретін облыстың тағы бір ірі компаниясы көрсететін қызметке тарифтер өсті. Оның артынан жылу энергиясын сатып алу шығындары артуына байланысты жылу энергиясын өндіретін, беретін, тарататын және жабдықтайтын ірі компанияның тарифтері де өсті.

Бұдан әрі жолаушылар тасымалына тарифтердің өсуі белгіленді. Темір жолмен жүру тарифтерінің өсуіне жолаушылар шаруашылығы қажеттіліктеріне алынатын энергетикалық отын ресурстары бағасының елеулі өсуі әсер етті. Жалпы, темір жол тасымалына тарифтер 12 %-ға өсті.

Инфляциялық күтімдер инфляцияның негізгі факторларының бірі болып табылады. Тұтынушылық нарықтағы бағалардың тұрақты өсуі тұрғындар арасында талқылау үшін өзекті мәселе болып қалуда. Инфляция тақырыбы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында да жиі жарық көріп отырады. Табыстың өсуінен облыс тұрғындары өз жағдайларын бұдан әрі бағалар өсімін күтуге жоспарлап, тауарларды базардан өздерінің ағымдағы қажеттіліктерінен артық ала бастады.

Сұранымның артуынан облыстың бөлшек сауда тауар айналымының тұрақты түрде өсуі белгіленуде.

1 кесте.

Бөлшек сауда тауар айналымының өзгеру динамикасы.

	2009 жылғы 9 ай ішінде	2010 жылғы 9 ай ішінде	2011 жылғы 9 ай ішінде	2012 жылғы 9 ай ішінде	2013 жылғы 9 ай ішінде
Бөлшек сауда тауар айналымы (млн. теңге)	79927,0	128582,0	173703,7	214296,9	243814,2

Жергілікті азық-түлік базарындағы инфляцияның басты себептерінің бірі бағалардағы тепе-теңдікті жасанды қолдайтын көтерме және бөлшек саудадағы контрагенттер санының өсуі болып табылады. Азық-түлік тауарларын өндірушілер мен жәй тұтынушылар арасында облыс базарында көтерме және бөлшек сатушылардың көптеген желілері бар. Негізінен бұл азық-түлік тауарлары саудасында кездеседі.

Делдалдық мәмілелер инфляциялық процесстерге бастайды. Делдалдық шығындар есебінен өңірде ет өнімдеріне нарықта ұсынымның сұранымнан басым болуына қарамастан бағаның тұрақты өсімі бақылануда. Ет құнының баяу өсімі көтерме және бөлшек сауда салаларындағы алыпсатарлар есебінен болып отыр.

Айта кететін болсақ, базардағы тұрақты делдалдар ауылшаруашылық өнімдерін сауда орындарына жеткізуге кедергі келтіре отырып, ет сатып алуда ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерді салыстырмалы түрде төмен бағамен ет өнімдерін өткізуге мәжбүр етеді, сауда үстемесін қоса отырып бөлшек сауданың бағасын белгілейді. Осындай жағдайлар жыл

сайын шекер саудасында да болып тұрады, алайда ағымдағы жылы аталған өнімге баға өсімі жергілікті атқару органдары мен көрші мемлекеттегі бағалардың қолайлы жайдайларының есебінен тұрақтады.

Өңірде делдалдық мәмілелердің көбеюі есебінен бағаның өсуі маңызды мәселе болып тұр. Бүгінгі күні өндірушіден тұтынушыға дейін тауарды жеткізудегі көп сатылы құрылымдар өңірдегі инфляциялық процесстердің дамуындағы түйінді мәселе болып тұр.

Өңірдегі баға деңгейіне ағымдағы әлемдік тауар нарығы конъюктурасының төмендеуі де әсер етеді. Конъюктуралардың дамуын белгілейтін барлық құбылыстар арасында өзара байланыстар бар: басқаларға қатысы жоқ болып көрінгенімен, бір тауар нарығындағы жағдайдың өзгеруі басқа да нарықтарға әсер етеді.

Облыс солтүстігінде Ресей Федерациясымен, оңтүстігінде Өзбекстанмен шектеседі. Біздің аймақтың тауар нарығының конъюктурасына осы және басқа елдер талассыз әсер етеді, себебі өңірдің жалпы импортында азық – түлік және азық – түлік емес тауарлар айтарлықтай орын алады.

Біздегі халық тұтынатын тауарлардың 80%-ы импортталған тауарлар болып табылады. Негізінен шұжық, сүт өнімдері, жұмыртқа, жиһаз, жанар-май, дәрі-дәрмектер, жуу өнімдері т.б. әкелінеді.

Кейбір тауар түрлеріне (жанар-май, жұмыртқа) бағалардың шұғыл серпілістері жалпы Қазақстан бойынша болып тұрады. Себеп біреу ғана, жеткізуші - резидент емес бағаны көтеру салдарынан, осы тауар түріне бізде баға өсімі жүреді.

Экзотикалық жемістерге келетін болсақ, олар біздерге Польшадан және Әзірбайжаннан, жемістер Еуропадан және Оңтүстік Америкадан әкелінеді. Осы өнім түрлеріне жоғары баға, тек көлік құралдары есебінен. Соған қарамастан тауар толық көлемде өткізіледі.

Маусымдық, облыста болып жатқан инфляциялық процесстерге әсер ететін негізгі фактор болып табылады. Жыл сайын облыстың тұтынушы нарығындағы болып жатқан үрдістердің өзгеруін бақылай отырып, маусымдық өсім мен тұтынушылар сұраныстарының төмендеуі, сәйкесінше бағалардың көтерілуі мен төмендеу сәттерін байқауға болады. Бұл негізінен күнтізбелік мейрамдарды өткізу кезеңдерінде, сонымен қатар, ауа райы және климаттық жағдайларының әсерінен болып тұрады. Кейбір кезеңдерде іскерлік белсенділіктің маусымдық төмендеуі мен көтерілуі сұраныстың ауытқуын туғызады.

Маусымдық көптеген тауар түрлеріне тән құбылыс. Сұраныс деңгейінің қайталана өзгеруі, сонынан ағымдағы жағдайға байланысты бағаның көтерілуін бақылау үйреншікті жәйт. Бүгінгі күні жергілікті нарық пайда табу үшін сатып алушылардың қысқа мерзімді белсенділігін пайдалануға барынша бейімделіп алған.

2013 жылғы 9 айда халыққа 243,8 млрд. теңгеге тауар сатылды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 10,5%-ға көп. Оның көп бөлігін (55,6%) азық-түлік емес тауарлар құрайды, өткен жылдың қаңтар – қыркүйек айларымен салыстырғанда өткізу 0,8%-ға көбейді. Оларға қарсы азық – түлік тауарларын сату 0,8%-ға төмендеді.

Сатушы кәсіпорындармен сауда саттық серпінді дамыды – олардың айналымы 23,6%-ға өсті.

Халықтың сатып алып жатқан барлық тауарларының 52%-ын сатушы базарлар мен жеке кәсіпкерлер өткізген сауда көлемі 0,5%-ға көбейді.

2013 жылғы қаңтар – қыркүйек айларына көтерме сауда айналымы 271,7 млрд. теңгені құрады немесе өткен жылдың сәйкес кезеңі деңгейіне 128,9%. Шағын кәсіпорындармен көтерме сауда тауар айналымының 87%-ы қалыптастырылады.

Есепті кезеңге сусындар мен тамақ өнімдерін ұсыну бойынша қызметтер көлемі 6029,1 млн. теңгені құрап, 2012 жылдың қаңтар – қыркүйек айларымен салыстырғанда 1,4%-ға көбейді.

Қолданылып жатқан шаралар тек бағаның жағдайына ғана емес, сонымен қатар, қажетті көлемде негізгі тамақ өнімдерімен қамтамасыз етуге де қолайлы болып отыр. Қаланың сауда орындары жеткілікті көлемде қажетті тауарлармен қамтамасыз етілген. Қала

әкімдігімен апта сайын сауда кәсіпорындарында, көтерме қоймаларда және дайындау кәсіпорындарындағы азық – түлік тауарларының қорына мониторинг жүргізіліп тұрады. Жүргізіліп жатқан талдау тамақ өнімдеріне деген тапшылықтың байқалмайтындығын, жеткілікті көлемде қамтамасыз етілгендігін көрсетеді. Мұндай жағдай басқа өңірлерден қосымша әкелінген өнімдер есебінен қамтамасыз етілуде. Тұрақтандыру қорын, жылы жайларды іске қосу, қосымша көкөніс қоймаларын құру бойынша жұмыс өз нәтижелерін беруде. Картоп пен көкөніс қорларының болуы, қаланың коммуналдық базарларында ең төмен бағамен сатуға ғана емес, өнімді аудандарға да шығаруға мүмкін береді. Жүргізіліп отырған жұмыс аудан және қала тұрғындарын өніммен қамтамыз етуді едәуір жақсартуға және негізгі тамақ өнімдеріне бағаның себепсіз өсуіне жол бермеуге мүмкіндік берді.

Ақтөбе облысының әлеуметтік–экономикалық даму нәтижесін қорытындылай келе, белгіленген барлық жоспарларды орындау бойынша қабылданған шаралар негізінде нақты экономика секторындағы көрсеткіштердің өсуі қамтамасыз етілгендігін, инфрақұрылымның дамуындағы жағымды өзгерістер белгіленгендігін айта кету керек. Алдағы жылдарға болжамда стратегиялық бағдарлама құжаттарында қарастырылған өңірдің әлеуметтік – экономикалық дамуындағы барлық негізгі өлшемдерге жетуге ықпал ету көзделді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ақтөбе облысының статистика Департаментінің «Ақтөбе облысының әлеуметтік - экономикалық дамуы» атты жинағы (2009-2013ж).

Төлем карточкаларын қолдану арқылы қолма-қол жасалмайтын төлемдер

Д.М. Туkenов

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Павлодар филиалы

Қолма-қол ақшамен жұмыс және кассалық операциялар бөлімі бастығының орынбасары


Қолма-қол жасалмайтын есеп айырысулар – бұл қолма-қол ақшаны пайдаланбай кредиттік мекемелердегі шоттар бойынша ақша қаражатын аудару және өзара талаптарды есепке алу арқылы жүзеге асырылатын төлемдер.

Төлем карточкасы – ол карточканың иесіне төлем карточкасының эмитенті анықтаған және оның шарттарына сәйкес төлемдерді жүзеге асыруға, қолма-қол ақшаны алуға, валюталарды айырбастауға және басқа да операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпараты бар электронды терминалдар немесе басқа құрылғылар арқылы ақша алу құралы.

2013 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Павлодар облысында электронды банктік терминалдар инфрақұрылымының көрсеткіштері былай қалыптасты:

- 1 988 POS-терминал (2012 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда өсу 26,6% құрады);
- 551 банкомат (5,0%-ға өсті);
- 961 сауда кәсіпорны (35,7%-ға өсті).

Электронды банктік терминалдар инфрақұрылымы көрсеткіштерінің өзгеру динамикасы



2013 жылғы 01 қарашадағы жағдай бойынша облыста 1 POS-терминалға 378 тұрғын, 1 банкоматқа – 1 365 тұрғын болды. Салыстырып көрсек, жалпы республика бойынша 2013 жылғы 01 қарашадағы жағдай бойынша 1 POS-терминалға жуықтап алғанда 405 тұрғын, бір банкоматқа – 1 932 тұрғын болды.

Қазақстан Республикасында қолма-қол жасалмайтын есеп айырысу жүйесін одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыру кезінде дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар өз қызметін жүзеге асыратын жерлерде төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға арналған жабдық (қондырғы) орнатуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға міндетті жекелеген қызмет түрлерін бекіту туралы» 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1743 қаулысын (бұдан әрі – Қаулы) қабылдады. 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап бұл Қаулы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес арнайы салық тәртібін қолданатын жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғаларға қатысты қолданыла бастайды.

Алайда, бұл қаулыны қабылдауға қарамастан Қазақстан Республикасындағы қолма-қол жасалмайтын төлемдерді енгізу процесі әлі күнге дейін әртүрлі пікірталастың мәні ретінде қалып отыр. Ең алдымен бұл мынадай негізгі себептерге байланысты:

- екінші деңгейдегі банктердің филиалдарында да, бас банктерінде де POS-терминалдардың болмауына байланысты оларды орнату бойынша кәсіпкерлердің барлық өтінімдерін қанағаттандыруға дайын еместігі, және оның салдары ретінде POS-терминалдың бар болуы және пайдалану бойынша заңнама талаптарын кәсіпкерлердің орындамауы;

- жабдықтың қымбат болуы (64 мыңнан бастап 85 мың теңгеге дейін), телефон байланысы бойынша қосымша шығыстар, сонымен қатар транзакциялар бойынша банктер белгілеген комиссия мөлшерінің жоғары деңгейі (1%-дан бастап 3%-ға дейін) тауарлар мен қызметтердің барлық түрлеріне бағаның өсуіне әкеледі;

- айналымның ең төмен көлемі бойынша міндетті талаптың белгіленуі (айына 100 мың теңгеден бастап 500 мың теңгеге дейін), кәсіпкердің айқындалған мерзім ішінде (3 айдан бастап 6 айға дейін) бұл талапты орындамаса, банк POS-терминалды алып тастайды және қызмет көрсетуден бас тартады.

Павлодар облысы бойынша заңнаманың талаптарына сәйкес POS-терминалдарды 24 мыңнан аса кәсіпкерге орнату қажет.

Сонымен бірге ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында сауда қызметін жүзеге асыру (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) кезінде төлемдерді қабылдауға міндетті жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның оларды төлем карточкаларын пайдалана отырып, қабылдаудан бас тартуы дара кәсіпкерлерге – жиырма, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – отыз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының аумағында сауда қызметін жүзеге асыру (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) кезінде төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға міндетті жеке кәсіпкерде немесе заңды тұлғада оларды төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асыруға арналған жабдықтың (қондырғының) болмауы жеке кәсіпкерлерге – қырық, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – алпыс, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Сонымен бірге төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдаудан бас тарту жағдайларын қаржы полициясы органдары қарастырады, төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асыруға арналған жабдықтың (қондырғының) болмау жағдайларын салық қызметі органдары қарастырады.

Осыған байланысты **Мобильді эквайринг** технологиясын пайдалану мәселені шешу әдістерінің бірі ретінде болуы мүмкін.

ЭКВАЙРИНГ (ағылшын acquiring – алу) – банк карталарын пайдалану арқылы жүзеге асырылатын операциялар бойынша, сонымен қатар банкоматтарда немесе қолма-қол ақшаны беру пункттерінде карта иелеріне қолма-қол ақшаны беру операциялары бойынша сауда және сервистік ұйымдармен есеп айырысуды жүзеге асыру бойынша қызмет.

Мобильді эквайринг – бұл банктік картамен мобильді телефон арқылы тауарлар мен қызметтерді төлеу мүмкіндігі. Шынында, осы технология көмегімен транзакция өткізу және ақшаның қажет сомасын аудару үшін iOS немесе Android операциялық жүйеде жұмыс істейтін 2G/3G смартфон, мини-терминал және төлеу үшін банктік картаның өзі қажет.

Бұл технологияны әдеттегі POS-терминалдармен салыстырғанда тиімді ерекше ететін мынадай негізгі артықшылықтары бар:

- төмен баға;
- пайдалану мобильділігі;
- есеп айырысуды өткізудің қарапайымдылығы және ыңғайлылығы;
- қолма-қолсыз қаражатпен операциялардың абсолютті қауіпсіздігі;
- банктік карталарды күн сайын тәулігіне 24 сағат бойы пайдалану мүмкіндігі;

- ең ірі халықаралық Visa және MasterCard жүйелердің карталарымен жұмыс.

Әлемнің көптеген елдерінде мобильді эквайрингті пайдаланушылардың басым бөлігі - бұл қызметі төлемдерді қабылдаумен және мұндай төлемдерді қабылдауға бейімделмеген орындарда төлеумен тікелей байланысты жеке кәсіпкерлер және тұлғалардың басқа да санаттары. Мәселен, егер адам өз кәсіпорыннан немесе кеңседен тыс жерде белгілі бір қызметтер мен тауарларды ұсынса.

Технологияның мәні, енді, төлемге пластикалық картаны қабылдау үшін тек өзінің мобильді мини-терминалын (mPOS) ғана пайдалану қажет, ол дәстүрлі POS-терминалдың баламасы болып табылады және сізге ыңғайлы кез-келген нүктеден смартфонмен бірге жұмыс істейді.



Мобильді төлем терминалдарын (mPOS – терминалдар) пайдалану мүмкіндігін бекіту мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Төлем карточкаларын шығару және пайдалану нұсқаулығын бекіту туралы» 2000 жылғы 24 тамыздағы № 331 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 27 тамыздағы № 232 қаулысы қабылданды. Сөйтіп, енді сауда чегін төлем карточкасын ұстаушыға карточканы ұстаушы көрсеткен электрондық почта мекенжайына және/немесе ұялы байланыс қондырғысына жіберу жолымен электрондық тәсілмен беру мүмкін болды.

Мобильді төлем терминалдары Android және iOS ОЖ негізінде жұмыс істейтін кез-келген смартфонмен немесе планшетпен жұмыс істей алады. Банктік карточкалардан төлемдерді қабылдау үшін ықшам құрылғы телефонға 3,5 мм тіркеуіші арқылы қосылады және де қосымша қуат көзін талап етпейді. Ол кәсіпкерлер үшін карточкалық төлемдерді қабылдауды дұрыстау процедурасын айтарлықтай жеңілдетеді.

mPOS-терминал құны тұрақты POS-терминал құнынан бес есеге аса төмен, бұл оны кішкентай айналымдары бар саудагерлер үшін қол жетімді болып істейді. Құрылғы кез-келген сауда-сервистік кәсіпорынға Visa мен MasterCard карталарын ұстаушылардан мобильді оператордың ұстайтын аймақта кез-келген уақытта қолма-қол жасалмайтын төлемдерді қабылдауға мүмкіндік береді. mPOS пайдаланғаны үшін соңғы тұтынушыдан тарифтер алынбайды. Төлем жасау үшін сатып алушыға картаны оқу құрылғысынан өткізу және мобильді телефонның экранында электронды қолын қою керек.

Мобильді мини-терминалдардың мынадай түрлері болады:



1. **Магнит жолағын, чипті оқи алатын, немесе құрамды.** Магнит жолағын (1, 3, 4 сур.) және чиптері бар карталарды оқи алатындар бар (2, 5, 6 сур.).
2. **Usb-порт, дыбыс-тіркеуіш немесе bluetooth арқылы қосылатын.** Құрылғы смартфонға Bluetooth® (5 сур.), Apple 30pin-тіркеуіш (6 сур.) немесе mini-jack дыбыс-тіркеуіші (1, 2, 3, 4 сур.) арқылы қосыла алады. Смартфонға Bluetooth арқылы қосылатын құрылғылар көбінесе «Chip-and-PIN» деп аталады, өйткені олар жеке құрылғыда pin-кодты қауіпсіз енгізумен толық авторландыруды және чипті карта арқылы төлемді өткізуге мүмкіндік береді. USB арқылы қосылатын құрылғылар жабдықты шығарушының сертификатын талап етеді (мәселен, Apple өнімі үшін MFi). Ең әмбебап және қымбат емес терминалдар mini-jack негізіндегі терминалдар болып табылады.
3. **Аналогтық және сандық.**

Аналогтық (3 сур.) және сандық (қалғанның барлығы) ридерлер болады. Сандық терминалдар мүмкін болатын бөгеттерге және оқыған кезде қателерге төзімдірек келеді, смартфонға деректерді беру алдында оқып алған деректерді шифрлай алады.

Қазіргі уақытта Қазақстанның қолма-қол жасалмайтын төлемдер нарығында екінші деңгейдегі банктердің арасында mPOS-терминалдар бойынша жобаны екі банк іске қосты – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ.

Мобильді эквайринг арнайы жабдықтың қиындығы және қымбат болуы салдарынан бұрын тек қолма-қол жасалатын төлемдерді қолданған бизнес нысандарын қолма-қол жасалмайтын есеп айырысулар саласына тартуға ықпалын тигізеді. Технологияны қолдану ыңғайлығын және картридердің ықшамды өлшемдерін назарға ала отырып, бұл бастама жылдан жылға белгілі болады деп жорамал жасауға болады.